

ЭЛ. КОПИЯ

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

№ 11 НОЯБРЬ 1958
АЛМАТЫ



ОКТАБРЬ АЯСЫНДА

Қапалы көңіл қарт бабам
Қайғысын ғана жырлапты.
Қаралы күйді жаттаған
Қобыздың үнін тындапты!...
Жырлаймын, бірақ, мен енді
Толықсып туған нұрлы айды.
Жүрегім жырға кенелді,
Жүрегім шалқып тулайды.
Көргем жоқ бабам көргенді,
Көңілді күйлер тындаймын.
Көгеріп жатқан көлдерді
Күлімдеп тұрып жырлаймын.
Қосылдым бұлбұл үніне,
Жаралды жаным жасылдан.
Қызыға қарап дүниеге,
Құмарға бердім жасымнан.
Нұрланта берді таңымды
Көкрегімді ән билеп.
Қуанта берді жанымды
Туған бір елім әлдилеп.
Сағынта жұртын күттіріп,
Сәулесін төкті ғажап күн.
Жарқырап, жаңа құт кіріп,
Жайнатты жерін қазақтың.
Көңілдің көзін нұр ашты,
Көлкіп бір жатқан көлдеймін.
Қырандай албырт құлашты
Қияға ғана сермеймін.
Үрлеймін тынбай жыр отын,
Жүрегімді ұстап қуанам —
Отаным берген қуатым,
Октябрь берген сыбағам!

С. ЖИЕНБАЕВ.



П И О Н Е Р

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 11

НОЯБРЬ

1958 жыл

Шығуына 20 жыл

Айына бір рет шығады.



ҰЛЫ МЕРЕКЕ

Еңбекші халықтың өмір бойы езіліп азап шегумен келе жатқанын Владимир Ильич жас шағында-ақ көре білді. Адамзатты осылай езілуден, азап шегуден қайткенде құтқаруға болар еді деген ой оны сол жас кезінен баурады. Айналадағы өмір қасіретіне көз салса жүріп, ұлы революционерлер Маркс пен Энгельстің кітаптарын оқып, зерттей жүріп, Ленин Россия пролетариатын азат ететін революцияшыл партия керек деген бірден-бір дұрыс қортындыға келді.

Қаншама білгір, қаншама батыл болғанымен жалғыз адамның қолынан, бүкіл өмірді өзгерту сияқты, орасан зор жұмыс келе бермейді. Мұны Владимир Ильич те жақсы білді. Ол мұны білумен қоса, екінші бір нәрсені де — Россияда халыққа бақыт беруге белсене күресуге әзір адамдардың да көп екенін жақсы ұқты. Міне, осы сияқты халық бақытына бола күресуге әзір адамдардан Ленин коммунистердің ұлы партиясын құрды.

Ленин бастаған ұлы партия жұмысшы табы мен еңбекшілерді патшана қарсы күреске көтерді. Сөйтіп, кемеңгер Ленин бастаған партияның басшылығымен еліміздің жұмысшылары мен шаруалары бұдан қырық бір жыл бұрын Ұлы Октябрь Социалистік революциясының туын тігіп, помещиктер мен капиталистердің қанауынан азат болды.

Еліміздің еңбекші халқын азат ету оңайлыққа түскен жоқ. Ол үшін көп жылдар бойы қантөккі ұрыстар, тартыстар, көтерілістер жүргізуге, бірнеше революция жасауға тура келді. Талай-талай адамдар құрбан болды. 1905 жылы 9 январь күні жұмысшылар теңдік сұрап патшаға барды. Бірақ, зұлым патша теңдік бермеді, қайта сап түзеп барған жұмысшыларға оқ жаудыртты. Осыдан кейін жұмысшылардың көзі тіленумен теңдікке жетпесіне әбден жетті. Олар патшаға лағынат айтып, оны құлатуға әрекеттенді.

Ұлан-байтақ еліміздің жер-жерінде ереуілге шығып, азатыққа ұмтылған еңбекші халық күннен-күнге ұйымдаса, біріге берді. Сөйтіп, ашынған жұмысшылар мен шаруалар 1917 жылы февраль айында патшаны тағынан құлатты. Бірақ, патша тағынан құлағанымен оның орнын басқан Уақытша үкімет капиталистер мен помещиктердің дегенімен кетті — еңбекші халықты алдауға түсті. Міне, сол себепті бүкіл жұмысшылар, шаруалар, солдаттар Ленин бастаған Коммунист партиясының соңынан еріп, 1917 жылы, ескіше, 25 октябрь күні Уақытша үкіметті құлатты. Совет үкіметін орнатты.

Партия мен Лениннің өте қиын жағдайларда совет мемлекетін құруына тура келді. Жас совет республикасын он төрт капиталистік мемлекеттің әскер-

лері қоршап жаналқымға алды. Міне, осы бір өте ауыр жылдарда Владимир Ильич мемлекет тұтқасын өз қолына берік ұстай білді. Ол партиямыз бен халқымызға Коммунистік қоғам құрудың ұзақ жылдық айқын программасын жасап берді.

Сүйікті Коммунистік партия Ленин мезгеген сара жолменен совет халқын жеңістен-жеңіске бастап келеді. Ленин өсиетінің көбін орындап та келеміз. Қырық жыл ішінде біздің еліміз әлсіз, мешу елден озық, күшті мемлекетке айналды. Бұрын патша үкіметінен жапа шеккен нешеме ұлттар достығы жарасқан совет халқының семьясында шат өмір сүріп еңбек етеді.

Бұрынғы бұратана халықтың теңдікке жетіп шат-шадыман өмір сүретіндігіне қазақ халқының гүл жайнаған бүгінгі тұрмысы айғақ. Совет үкіметі орнағаннан бері қарай үздіксіз дамумен қарыштап алға басқан Қазақстан өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мейлінше дамыған, социалистік мәдениеті ең озық елдердің мәдениетімен тең түсетін елге айналды. Қазіргі кездегі бүкіл Совет Одағында зерттеліп анықталған мыс, қорғасын, мырыш, вольфрам запасының тең жартысына жуығы Қазақстан жерінде. Соколов-Сарбайда темір рудасының, Қарағандыда көмірдің, Шығыс Қазақстанда түсті металдың, Балқашта мыстың, Шымкентте қорғасынның және Қазақстанның кең өлкесінің өзге де аудандарында кен байлығының ұшан-теңіз екені анық. Астық өнімі жөнінен біздің республикамыз Одақта екінші орынға ие болды, оның алдында енді тек Россия федерациясы ғана! Біз Отанға жылма-жыл бір миллиард астық береміз. Қазақстанда жоғары дәрежелі оқу орындары, мектептер өте көп. Оқуға ешқандай бөгет жоқ, білім алуға барлық жағдай жасалған.

Біздің ұлы Отанымызда мақтанш етіп ауыз толтыра айтатын ерлік істер орасан көп. Солардың ішінде, жас достар, сендердің де пионерлік еңбектеріңе лайық үлес бар. Балалар, сендер шебер қолдарыңмен сан мың тонна металл сынықтарын жинай-

сыңдар, жас ағаштар отырғызып, парктерді, көшелерді, қалаларды, колхоздарды, совхоздарды көркейтесіңдер, төлді мәпелеп күтесіңдер. Мектептің тәжірибе участоктерінде дақылдар өсіретін де, бітік өнімді ысырапсыз жиып алуға үлкендерге көмектесетін де сендер.

Сендер Ленин атындағы жасөспірім пионерлер ұйымының мүшесісіңдер. Ал, жасөспірім пионерлер батыл да адал жандар. Олар қиыншылықтан тайсалмайды, қайта оны жеңе білуге дағдыланады. Пионер еңбек сүйгіш, ол өзінің қатарынан ақ саусақ, еріншектерге орын бермейді. Міне, осы себепті біздің халқымыз пионер ұйымын шын жүрегімен жақсы көреді, оны Ленин комсомолының орнын басуға лайық жеткіншек деп масаттана атайды.

Жас достар! Сендер ұлы Октябрьдің қырық жылдығына сыйлықтар әкелдіңдер. Сабақты жақсы оқуға, тәртіп сақтауға, ата-анаға көмектесуге, қоғам мүддесін қорғасуға зейін қоя еңбектеніп келдіңдер. Осы жақсы істеріңді ілгеріде де өрістете беру үшін дружиналарыңның, отрядтарыңның, звеноларыңның қатарын нығайта, жұмысын қыздыра түсіңдер.

Сендер жігерлі, пысық, батыл, сан миллион адамсыңдар. Қайсысының қай жерде, мейлі қалада немесе ауыл-селода тұрсаңдар да, Отанға пайда келтіретін көп істер тындыри аласыңдар.

Бүгінгі пионерлер — сендердің де екпінді комсомол құрылысына аттанар, байтақ егін даласына дала кемелері — комбайндарға отырып еңбек дабылын қағар, алуан-алуан күрделі машиналарды басқарар күндердің де сонша алыс емес. Мүмкін, сонау аспан әлемін шарлау сендердің үлесіңе тиер! Сол себепті, сүйікті Отанның сүйкімді перзенті болуға әзірленіңдер! Отанды сүйе біліңдер! Ұлы Октябрьдің туын жоғары ұстап коммунизмді белсене құруға әзірленіңдер!

Коммунистік партияның ісі үшін күрес жүргізуге әзір болыңдар!



Балалық шаққа саяхат.

Повесть



(Басы өткен санда).

Б. Соқпақбаев.

Біздің биылғы мұғаліміміз Сағатбай емес. Ол күзде оқу жылы басталар алдында ауысып кеткен. Орнына келген жаңа мұғалімнің аты-жөні Жұмабай Идраимов. Бұл — аяқ-қолы бір тұтам қып-қысқа, төпелтек бойлы, бет-аузы қатқан тері секілді қыртыс-тыртыс сүйкімсіздеу адам. Әгірдеп босаған төрт қырлы кішкентай флаконға салып алып жүріп, насыбай атады. Салпыған көптеп ерні ішіндегі насыбайды ауырлағандай бір жұмылмайды да, шіріген шеге секілді ығы-жығы біткен сап-сары сирек тістері үнемі көрініп жүреді. Киім киісі, жүріс-тұрысы да, мәдениет көрген адамдай емес, алқам-салқам.

Өзі сондай болғанмен Жұмабайдың сұп-сұлу, акқұба жас әйелі бар. Үйінің іші үпті де, тап-таза. Кірсең шыққын келмейді. Біздің мыжырайған күйкі мұғаліміміз бұл үйдің кожасынан гөрі есігінде жүрген қызметшіге көбірек ұқсайды.

Жұмабайдың тұрақты мінезі мынандай еді деп айту қиын. Кейде солмашыға ыржалақтап, баламен бала боп, босқа дуылдап уақыт өткізеді. Ал, кейде аяқ астынан шапшаң етіп, тұрпайы дойырлық көрсетеді. Оқушыларды боқтап, ұрып та жібереді. Ойы оралымсыз, сөзге доғал, қымс етсе, жазалауға бейім тұрады.

Жұмабайдың жазасының түрі де санаулы ғана: кластан қуып шығады. Немесе босағаға қолыңды тік көтертіп, қарсыға тұрғызып қояды.

Жұмабаймен менің алғашқы күннен-ақ жұлдызым жараспады. Оның тұңғыш себе-

бі мынадай болды. Күзде, бір күні үзіліс кезінде мұғалімді қоршалап, мектептің алдында күншуақтап тұрдық. Мен Жұмабайдың сол жағын ала артына таман тұрғам. Аяғымның астына төмпектеу бір жер кез келе қалыпты. Әлгінің үстінде тұрып, өкшемді көтеріңкіреп, сымдай созылып байқап едім, бойым Жұмабайдың бойымен теңейлесіп қалды. Осыны қызықтап, мөз болып, беталдымдағы балаларға қылмың-қылмың етіп, қас-қабағыммен, саусағыммен Жұмабайдың желкесін пұсқап, бойымның бірдейлігін көрсетіп, қутың қактым. Сол мезетте оқыстан бетіме шапалақ шарт ете қалғаны! Соққының қаттылығынан құлағым тұнып, есенгіреп, не болғанын білмей қалдым. Сөйтсем, менің әлгі қылығымды Жұмабай көз қиығымен байқап қалған екен...

Осыдан кейін ол мені жек көріп қымс етсе, қаһарын тігіп тұратын болды.

Бір күні Жұмабай мені қолыма үлкен жаңқа көтертіп, қарсыға тұрғызып қойды. Өзі теріс қарап, сабақ оқытып отыр. Біраздан кейін қолымның қары тала бастады. Аздап төмен түсірейін десем, менің бұл халімді қызықтаған балалар:

— Ағай, қолың түсірді! — деп, шу ете қалады. Сонан соң лып еткізіп, қайтадан созамын.

— Түсірме! Осылай тұр! — деп, зекіреді Жұмабай.

Қашаңғы тұра алам. Қолым салдырап, тіпті әлім келмей бара жатады.

— Ағай, қолым талып кетті.

— Түсірме деймін! — мұғалім ыршып түрегеп, менің жерге сүйеген жанқамды қайтадан көтертеді.

Жұмабайдың жансыздығына мұндай ыза болмаспын. Ол ары қарай бергенде, тістеп, қолымдағы қолақпандай жаңқамен оны дәл желкеден...

Сабыр... оқушым, сабыр ет! Лүпілдеме-сін жүрегің! Мұғалімді желкеден соғатындай мен сонша бір ақымақ емесің ғой. Жәй әншейін, балалар ду күлсін деп, сермей беріп едім. Сол кезде Жұмабай жалт бұрылып қарады! Қлассе ду ете қалды! Жұмабайдың ендігі ашуланғанын көріңіз! Түсі айран-топай бұзылып, қалшылдап кетті. Орыннан ұшып түрегелді де, маған шүйлігіп ұмтылды. Жаңқаны тастай бердім де, құнысып, екі бетімді алақаныммен қалқалап, құрысып, қалдым. Шарт-шарт еткен шапалақ екі жағыма кезек соғылып, қаңғалақ ұшырады. Одан соң Жұмабай шап беріп, құлағымнан ұстап алды да, жеті атамды қаза

жөргек-жаялығын төсегінде ыңқылдап отырып, шешем байғұс өзі жуып тазалайды.

Шешемді білетіндер ол келіншек кезінде өнді, келісті адам еді дейді. Орта бойлы, қыр мұрынды, кара торы, қызыл шырайлының әдемісі болғанға ұқсайды. Кербез, тура сөзді адам болыпты.

Ал, менің есімде қалғаны — оның ауру мендетіп, жүдеген, азып-тозғап пышаны. Пеш түбінде жатып, кей-кейде тыныстап қалғып кеткенде, онашада аяғымды ақырын басып келіп, жүзіне төніп қарайтынмын. Қайран аяулы анамның ұзын кірпіктері мелшиіп, кеберсіген еріндері болар-болмас ашылған қалпы тым-тырыс жатады. Көзінің алдындағы көктаңдақ көлеңке өлік таңбасындай біртүрлі суық. Жұқалап көрпе астынан шөжіген қу сүйек тарамыс денесі ап-айқын танылады. Мен ұзақ қарай



тілдеп, есіткен сүйреп шығарып жіберді. Шеке тамырларым шытыр-шытыр етіп, үзіліп кеткендей болды.

Былапыт сөзге менің тілім де бір кісідей ащы болатын. Жанымға батқаны соншалық, мұғалім-сұғалімділігіне қарамастан алғи арада Жұмабайды балағаттап кеп бердім де, ойбайымды салып, ендігәрі мектеп бетін көрмес болып, үйге жөнелдім.

Осы бойда төрт-бес күн келмедім сабаққа. Оқымаймын деп азар да, безер болам. Бірақ, Сатылған ағайым еркіме қоймады, мені мектепке ертіп әкеліп, мұғаліммен татуластырды

4.

Бибігүл өзінің ластығына қарамастан, Тұрдыбектен сондай жиренгіш. Баланың

алмаймын. Әлденеден шошынып, тітіркенгендей, немесе ауру азабынан, күйзелістен аз сәтке болса да азаттық алған әлгідей тыныштық күйден шешемді оятып алмайын деп, қорынғандай тез шегініп кетемін.

Шешемнің халі нашарлай түскен сайын үй ішіне де құпия бір әбігер кіре бастады. Үлкендердің жасырын сөйлесетін күбір-сыбыры көбейді. Отын-суды молырақ дайындап, жалқау әкем де ширай бастады. Әйелдердің біздікіне кіріп-пығып, шешемнің көнілін сұрауы жиіледі. Шығып кетіп бара жатқанда, есік алдында әлгілердің аузынан «мал болмайды» деген секілді суық сөзді құлағым шалып қалады.

Шешемнің өлетініне көзім жете баста-

ды. Бұл сойқан оқиғаның қашан болатынын елегізген үреймен күтіп жүрдім.

Күндіз-түні басымнан осы ой айықпайды. Шешем өлгенде, мен қалай жылауым керек? Отырып жылаймын ба, жоқ әлде тұрегеп жылаймын ба? Отырсам, қалай отырып жыламақпын? Бірдене айтып жылаймын ба, жоқ әлде ештеңе деместеп жай жылаймын ба? Мен енді осыны уайымдай бастадым.

Сөйтіп, күйзеліп жүргенде, бір күні өзіммен бірге оқитын Қаншайым деген қыздың шешесі өліп қалды. Сонда әлгінін қалай жылап жатқанын көрмекке, әдейі бардым. У-шу болған жұрттың арасымен сыналап кіріп, үйден Қаншайымды іздедім. Сөйтсем, ол анасының ағаш төсегі үстінде етпетінен түсіп жылап жатыр екен. Онысы маған бірден ұнады. «Мен де осылай жылаймын» деп, ойлап қойдым.

Бір күні сабақтан келсем, біздікіне бірнеше әйел-еркек оқыс жиналып қалыпты. Әкем, ағаларым да түгел үйде. Екі көзі жайнандап Боқай молда да отыр. Өзгенің ажары қамыққан, қасіретті болса, Боқай шарта жүгініп, қасындағы шалдармен сәмпылдап бөгде сөз соғып отыр. Мына қайғылы жағдайдың оған еш қатысы жоқ тәрізді. Тыстағы біреулердің «Әспет әл үстінде жатыр», деген сөздерін құлағым шалып қалды. Зәрем ұшып, іші-бауырым қалтырап кетті. Бірнеше адам шешемді қоршалап төніп алған. Мен оның қасына баруға батылым да жетпеді. Шүберек сүмкамды терезе алдына тастай бердім де, дереу қайтадан сыртқа шығып кеттім. Талайдан күткен сүмдық жағдайдың тақалғанын сезіп, енді не де болса, соны көрмеуге, басы-қасында болмауға тырыстым.

Ауа райы сол күні салқындау еді. Ызбар жел соғып тұрған. Басымдағы құйындай сапырылысқан қорқынышты ой меніреу еткен халде жападан-жалғыз жар астымен Текесті жағалап жөнелдім. Қайда барамын? Не істеймін? — өзім де білмеймін. Дүниеден баз кешіп, басы ауған жаққа лағып бара жатқан бір жанмын. Текестің қызыл-күрен лай суы арнасынан шып-шып шығады. Менімен әлде не деп тілдескісі келгендей жар қабаққа ауыр жөнкіп, ышқына соғылады да, құлдыр-құлдыр етеді. Ол не дегені? Менің басымдағы таудай қайғыны жеңілдеткісі келіп, жұбаныш айтқаны ма? Жоқ әлде, артымнан қуып жетіп: «Ақымақ бала, шешен жан тәсілім етіп, қайтпас сапарға бет бұрғалы жатқанда, қайда қанғып барасың? Соңғы шырағы сөнгенге дейін көз



алдында болып, қоштасып қалмайсың ба, тым құрса. Сен оның аналық мейірбан жүзін енді қайтып тірі көре алмайсың ғой. Өкінесің, кешікпей тұрып, қайт үйіңе! Шешеннің қасына жет тезірек. Өмірінің соңғы минуттарында, үзілер шағында: «Бөкенім, Бектасым қайда? Әкеліңдерші! Көрсетіңдерші... Бетінен иіскетіңдерші» — деп, балажан сорлы ана мүмкін сені іздетіп жатқан болар. Бойындағы ең ақырғы бір тамшы тіршілік қуатын шенгелінен шығармай, тап қазір бір сен үшін сойқан ажалға ырық бермей жанталасу үстінде шығар. Сеземісің, түсінемісің осыны, ақымақ бала? Қайт! Қайт үйіңе!» — деп Текес ананың бетімнен қақпайлағаны ма бұл?

Бірақ не десе о десін, мен Текестің тілін түсінбеймін. Бет алған жағыма лағып кете берем.

Қыр үстіндегі жазанқайда бір топ бала думандатып, қашпа доп ойнап жүр. Олардың әрбір үні, әр күлкісі менің жанымға тікендей қалады. Көздеріне шалынғым келмей, аулақтай түсем. Ешкім кездеспесе, маңыма жоламаса екен деймін. Көз алдымнан әлгі үй ішіндегі көрініс кетпейді...

Менірейіп жүре бердім... Жүре бердім. Өзім ашпын. Бірақ, күндегідей жалақтап тамақ жегім келмейді.

Осы бойда кеш батып, қас қарайғанға дейін қанғырдым. Не істеп, не қойғаным күні бүгінге дейін есімде жоқ. Тек әйтеуір

көз байлана мәңгіріп ауылға қайтып келе жатқанымды білем. Біздің үй жактан шыққан әр дыбысқа еледеп құлақ түрем. Әзірше, шошынарлық ештеңе естілмейді.

Өзіміздікіне жолағым келмейді. Бергі шетте жар қабағында Сыдықжан досымның үйі бар еді. Әке-шешесі балажан, ақкөңіл адамдар. Мен олардікінен шықпайтынмын. Сонда келдім. Астыма кішірек бір шөрке қойып, темір пештің арт жағындағы қуысқа тығылыңқырап отырып алдым.

Кенет есікті жұлқып ашып, үйге Жәкібай көршінің сотқар баласы Тілеу кіріп келді. (Ол әлгіде менің осында келгенімді көрген еді).

— Ей, неғып отырсың? Шешен өліп қалды! — деп, Тілеу бетіме былш еткізді. Аспан шатыр етіп, төбемнен құлағандай болды. Аңыраған даусымның қалай шығып кеткенін білмеймін, есімнен танып кеттім...

Ботадай боздап, үйге қарай келе жатырмын. Есік алды қараңдап, топырласқан әйел-еркек. Ауыз үй, төр үй толған адам. Бибігүлдің дауысы зор болушы еді. Екі бүйірін таяна жүгініп отырып алып: «Жеңешемау, ақылшым, басием-ау» деп, аңырағанда, үні аулаққа жетеді. Шын тебіреніп жылап отырғанымды көріңдер дегендей семіз бетінен тарам-тарам болып сорғалаған көз жасын сүртіп те қоймайды. Терезе алдында жүресінен отырған күйі әкем пыш-пыш жылайды. Сатылған ағайым Тұрдыбекті құшақтап, тікесінен тік жылап жүр. Алты-жеті айлық сәби Тұрдыбек не боп қалғанын біле алмай, мына у-шуға бажырандап қарай береді.

Төр үйге кірген бойда менің көзім босағадағы өлікті қоршап құрылған шиге түсті. Аңыраған бойда соның аузына ұмтылдым. Бірақ, әлгі арада тұрған әйелдер жібермей, ұстап алды. Содан кейін әнеугі Қаншайымша жыламақшы болып, апамның төсегіне етпетімнен барып құладым.

Аяулы шешемнен мен осылай айрылдым. Ертесінде оның денесі, мұсылман дәстүріне сай әртүрлі ырым-сырым жасалғаннан кейін, ата-бабамыздың талай ұрпағы мәңгі орын тапқан Жауыртоғандағы бейітке апарып жерленді. Жол шетіне таман жана бір жас төмпек қабыр пайда болды да, біраз күн бойына ары-бері өткен жолаушының назарына шалынып, мұңды ой салып жатты.

Шешемнің басына қорған соғылған жоқ, ескерткіш тұрғызылмады. Ол кезде оған бізде шама жоқ еді. Біздің қолымыздан келгені көзіміздің жасын көл етіп, жылаусықтау ғана болды.

Дүниеден қайтар алдында шешем:

— Әлгі Бектас қайда? Шақырыңдаршы. Бектас... Бектасым... — деп, мені көп еске алып іздепті. Сандырағының арасында менің атымды атай беріпті. Қымбатты алтын анамның көз жұмар алдындағы бір ауыз лебіз-өсиетін ести алмағанымға күні бүгінге дейін өкініштімін.

Қош бол, ғазіз анам!



(Жалғасы бар).



Саид Баязитов.

Әңгіме

Көгілдір үйрек қалың құрақ ішінен құрт шабақ аулап тойды, бір мезгіл жиекке шықты. Айнала мүлгіп тұр. Ұяластары жиекке күншуақтап жатыр. Көгілдір үйрек олардан аулақтау кетіп, өзіне құмдақ жер таңдап алды. Сөйтті де, қызыл жарғақ табанын кезек шұқылап, қанатын таранып қойды.

Селт еткен дыбыс жоқ, тым-тырыс. Көңілі жайланған көгілдір үйрек құмдаққа бауырын төсеп жата кетті.

Бірақ, аңдушы аяқ астында екен. Көгілдір үйрек көзін жұмып та үлгірмеді, біреу оған тарпа бас салды. Адамның қарулы қолдары қапсыра ұстап, оны бір терең тұңғиыққа тастап кеп жіберді.

Балапанды ұстаған — Болаттың экскаваторшы ағайы еді.

— Нағыз өзің айтқан көгілдірін ұстадым, Болат! — деді ол кенеп қалтың ішіне қолын сұғып жатып. Сөйтті де, қолын шапшаң қайта тартып алды.

— Ой, қандай өжет еді, оңдырмай тістеп алды! — деді ол қарқылдай күліп.

Дегенмен, көгілдір үйрек жеңілді. Болаттың ағасы оны желкесінен қыса ұстап, сыртқа сүйреп шығарды. Тұмсығына бір-екі рет шертіп жіберді де:

— Енді жуасыған боларсың, — деп Болатқа ұсынды.

Дегбірі жетпей ынтығып тұрған Болат қолын асығыс созды. Сүйегіне біткен өжеттікпен көгілдір үйрек енді Болаттың да қолын тістеп алды.

— Ой, қандай ызакор! — деді Болат сасқалақтап.

Осы кезде көршідегі Тоқтар дейтін томпақ бет бала да келіп қалған еді.

— Мұны кім ұстаған? — деді ол, үйректі көргенде көздері жайнап.

— Ағайым, — деді Болат.

Тоқтар да көгілдір үйрекке қатты қызықты. Жанына жақын барып, балапанға қолын созды. Көгілдір үйрек оның да қолын оңдырмай тістеп алды.

— Бұл ашыққан болар, сонсоң тістейді ғой, — деп ойлады Болат. Сонымен көгілдір үйректің алдына астаумен су қойды, үгітіп нан берді.

— Тойып ал. Ал, мына астаудағы су — көліңнен кем емес. Тек былығы жоқ. Әйтпесе, жүзіп, шомылуыңа әбден жарайды, — деді Болат балапанды жылы сөзбен жұбатып.

Көгілдір үйрек Болаттың сый-құрметінен бас тартпады. Нанды жеп тауысты да, суға шомылып алды. Тіпті, оның еркінсігені сонша, астаудағы суды біржола шашып бітірді.

Бірақ, сонда да, қолға үйренбеді. Нағыз жабайы қалпында қалды. Мойнын сипап, еркелетпек болған Болат пен Тоқтардың қолдарын тістеп, көгертіп бітті.

Мұнымен де тынбады. Бір күні байлаудан босанып, үйден қашып кетті.

«Көгілдір үйрек байлаудан қалай босанды?» — деген ой Болатты көпке дейін мазалады. Бір ғажабы — көгілдір үйрек қашып кеткен соң Тоқтар қайтып қарасын көрсеткен жоқ. Тек, Болаттың өзі ғана күні-түні өжет балапанды ойлаумен болды.

Болат бір күні ағайының экскаваторына, оның қазып шығарған топырағына қызыға қарап тұр еді, кенет көзіне қатардағы қазан шұңқыр айдынында қалқып жүзіп жүрген жалғыз қара шалынды. «Көгілдір үйрек шығар» деген оймен қасына барды. Бұрқ етіп үстін жауып кеткен топырақты қағып тастауға да үлгірмей, қазан шұңқырға қарай тұра жүгірді.

Көгілдір үйректің үйден қашып кету хабары балаларға қалай тез тараса, оның қазан шұңқырдан табылуы одан да тез таранды. Сол күннің кешінде-ақ Болаттың бір топ жолдастары қазан шұңқыр жанына жиналды.

Бұл әрі ені үлкен, әрі суы мол кең айдан болатын. Көл тәрізді көлбеп жарқырап жатыр. Ортасында экскаватор әлде қалай топырағын алмай кеткен қара жер бар. Оған қаулап жасыл құрақ өскен.

Балалар келгенде көгілдір үйрек осы аралға таяу жерде жүзіп жүрген. Ол кейде көк айдыңның мөлдір тұнығына бауырын жарқырата сүңгіп кетіп едәуір уақыт көрінбейді. Кейде қауырсыны қатпаған қанаттарын дүр сілкіп бой жазады. Хауіп-қатер дегенді қаперіне де алмай, барынша еркінсіп жүр. Балалар оның қимыл-әрекеттерін сырттан қызыға бақылап ұзақ тұрды.

— Ит-құсқа жем болмай, қалай келді екен? — деді Болат таңданып.

— Бәрінен бұрын, енді оны қалай ұстар екенбіз? — деді балалардың бірі.

Сол-ақ екен, топтан Тоқтардың ащы даусы шаңқ етті:

— Енді ол тірідей ұстатпайды, атып алу керек.

— Кішкентай балапанды атқанды қайдан көрдің? Пионерге лайық іс пе екен ол? — деді Болат байсалды қалпын бұзбай.

Тоқтардың көздері шапыраштанып кетті.

— Ал, менің атқым келеді, онда қайтесің? — деді ол Болатқа.

Болаттың аққұба өңіне қан жүгіргендей болды. Тоқтардың мына басынуы оның намысына тисе керек.

— Осы үйрек тіпті де сенікі емес қой, — деді.

— Ол сенікі де емес, — деді Тоқтар да міз бақпай, — ол ешкімдікі де емес, кім атып алса сонікі.

— Е, солай де. Білмей жүрген екенбіз, нағыз іші тардың өзі екенсің ғой, — деді Болат кекесінді күлкімен.

— Ендеше біліп қой, көгілдір үйректі байлаудан босатқан да мен...

* * *

— Тоқтардың күт деген жері осы ма? — деді Болат топтағы таңқы мұрынды тапал балаға.

«Дәл осы арадан табылындар. Қалай атар екенмін, көріп тұрыңдар» деп мақтанды.

— Ендеше көріп алдық, — деп күлді Болат. Балалар да күлкісімен қостады.

Арада жарты сағаттай өткенде, бойына шақ емес мылтық асынып, Тоқтар да жетті. Ол өзінің салпаң құлақ Майлыаяғын да ерте келіпті.

— Сөйтіп, үйректі атып алуыма қарсы емессіңдер ғой? — деді ол келген бойдан Болатқа.

— Қарсы емеспіз. Бірақ, үш оқтан артық оқ шығармайсың.

— Үштен артық оқ өзімде де жоқ, — деп күлді Тоқтар. — Үйректің өзі қайда? Көріне ме?

— Әне, — деп көрсетті балалар, — айдында жүзіп жүр.

Мамырлай қалқып жүрген үйректі Тоқтар да көрді. «Оқ еркін жетер жерде екен» деп шамалады ішінен. Мылтығын кезеніп жарқабаққа жата кетті. Сол көзін тарс жұма көздеп, үйрек нысанаға ілінер-ілінбестен шүріппені тартып жіберді. Мылтық гүрс етті.

Үйректің маңайындағы су бұрқ ете түскенмен, оқ үйрекке тимеген боп шықты. Түтін сейілгенде, бәрі де үйректің қаннан-қаперсіз еркін жүзіп жүргенін көрді.

Тоқтар мылтығын екінші рет көздеуге кірісті. Бұл жолы асып-саспады, ұзақ көздеді.



— Әй, өзі де құтыла қоймас,— деп сыбырлай сөйледі балалардың бірі.

Сол кезде мылтық та атылып кетті.

Үйректің аунап түскенін бәрі де анық көрген еді.

— Тиді! — деді, Тоқтар орнынан масаттанға ұшып тұрып. Әйтседе ерте қуанған екен. Жайдары жүзі қайта тұнжырады. Әйткені, үйрек өлмеген боп шықты. Су бетін сызып жүзіп жүр. Баурын жарқ еткізе сүңгіп кетеді. Өзі бас сауғалаудың орнына бәрі қарай бет алған тәрізді.

— Жақсылап көзде! — деп ескертті Болат, Тоқтар мылтыққа үшінші оғын салғанда.

Бұл жолы үйрек қас қылғандай, әлсін-әлсін сүңгіп кетіп, нысанаға ілінбей қойды. Тек біраздан соң ғана үшінші оқ тарс етті.

Мылтықтың даусы мен балалардың күлкісі қатар шықты.

— Достым, мергендігіңде мін жоқ.

— Ағаш үйрек болмай, көгілдір үйрек болғанда әлде қашан сөспей қататын еді.

— Көгілдір үйрек тасада үрейленіп жатқан болар,— деген сөздер Тоқтардың құлағын тұндырды.

Тоқтар мән-жайға енді ғана түсінді. Күні бойы атқаны көгілдір үйрек емес, қуыршақ үйрек боп шықты. Оны ағаштан жасапты. Мойнынан қармақ жіпке байлап қойған. Жиекте бір бала жіпті екінші ұшынан білдірмей ұстап отырған. Ол жай тартса, үйрек жүзіп, қатты тартып-тартып жіберсе, үйрек сүңгіп-сүңгіп кетеді екен.

Тоқтардың бойын кернеген ашу-ызада шек болған жоқ. Бірақ, көпке топырақ шашып бола ма? Ол үндей алмай, іштен тынды.

Сөйтіп, көгілдір үйрек, өзінің ағаш серігімен бірге, қазан шұңқырдағы жасыл аралда еркін мекендеп қалды.

Жастар творчествосы

ПОМИДОР

Қызығып жаңа піскен помидорға
Бағила өзін ұстап тұрды зорға.
Белгілеп тістер жерін қойғандай-ақ,
Ауызға салды асығыс ойланбай-ақ.
Андаусыз үстіндегі ақ көйлектін,
Қызыл су көкрегін кетті бояп.
Бірақ, ол оған көңіл бөлмеді де,
Үн-түн жоқ тұрды әжесі келгенінде.
Қарт ана күлді қарап помидордың,
Қызарған көйлектегі «өрнегіне».

Тұрап Айдаров.

ЛАҚ

Арқанда аласұрып өсті ларым,
Көңілін қалай оның хош қыламын,
Жас талды кеміруге әуес өзі
Қояндай тігіп алып қос құлағын!...
Жасында ойнатуға қызықты інім,
Бермеді бірақ оған сүзіп тыным.
Арқанмен байлап қойдым, талай болды,
Өзінің түсінсін деп бұзықтығын.

Қастек Баянбаев.

Талдықорған облысы, Андреев ауданы.

«Р»

Кейде тілім келмесе,
Қаламын бір қызарып.
Қайталаймын бірнеше,
Қандай қиын осы әріп!

Жаттықтым да үйде мен,
Жендім оны ақыры.
«Сөзді көп біл, сүй» деген
Апайдың бұл ақылы.

«КИЫН» СҰРАК

Сабағының жайын сұрап,
Қойды әке «қиын» сұрақ
— Бүгін алған бағаң қандай?...
(Шып-шып терлеп тұрды мандай)
Айту қиын өтірікті,
Айту қиын екілікті.

Мұқтар Құрманалин.

*Ақтөбе облысы,
Қарабұтақ ауданы.*

БІЗДІҢ СЕРІК


Сақылдай кеп күледі,
Біздің Серік гүл жанып.
Кейде түмсық шүйіреп,
Өз-өзінен бұлданып.

Бірде олай, бір бұлай,
Тым-ақ қызық мінезі.
Бар адамға әлемге
Еркелейді бір өзі.

Ә. Абайділданов.

Талдықорған қаласы.

Нығмет Ғабдуллин



Жазушы Нығмет Ғабдуллин 1927 жылы Көкшетау облысының қазіргі Қазан ауданындағы Шұңқыркөл деген жерде туған.

Болашақ жазушы мектепте оқып жүрген кездерінде-ақ әдебиетті көп оқып, өзі де ерте шығарма жаза бастайды. Әсіресе, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың тіл-әдебиет факультетінде оқып жүрген кезінде ол өлең, әңгіме жазумен көбірек шұғылданады. Жас жазушының «Ана баласы» деген тұңғыш әңгімесі 1950 жылы «Пионер» журналында жарияланды. Содан былай қарай Нығмет Ғабдуллин мектеп оқушыларының өмірінен әңгімелер жаза бастайды.

1951 жылы оның балаларға арналған «Менің достарым» атты әңгімелер жинағы баспадан шығады. Одан әрі қарай жас жазушы қаламын көлемді жанрларда да байқап көреді. 1953 жылы баспадан шыққан «Алғашқы сапар» повесті сол талаптың туындысы еді. Теміржол училищесінің оқушыларының өмірінен алынып жазылған бұл повесть көркемдігі, тақырыбының жаңалығы жағынан оқушы жұртышылыққа ұнаған-ды.

Балаларға арнап әңгіме, повесть жазып біраз төселген Нығмет оқушыларға 1955 жылы «Жаңа таныстар», 1956 жылы «Кұрбылар» деген әңгіме-очерктер жинағын ұсынды. 1958 жылы «Жаңа таныстар» жинағы орыс тіліне аударылды. Нығмет Ғабдуллин қазір баспаға «Гүл» деген әңгімелер жинағын әзірлеумен бірге, балаларға арналған шағын пьеса жазып жүр. Төменде жазушының «Екі дос» деген әңгімесін беріп отырмыз.

Т. Молдағалиев.

Екі дос

Н. Ғабдуллин.

Терезенің түбіне келіп орнығып, кешкі қарбаласта ақ қайыстан өзектеп қамшы өріп отырған Байжан жылқышы ағасының бір сөздерін естіп елең ете қалды. «Әлжан деген бір әжет бала. Өзі қандай нысық, тапсырған ісіне қандай тиянақты» — деп ағасы Әлжанды аула алдында тұрған көп кісінің көзінше мақтады. Енді не айтар екен дегендей Байжан еңсесін ілгері салып, құлақ түріп еді, бірақ әңгіме әрі өрбімей, үзіліп қалды. Ағасының әлгі айтқаны, сірә маңада бергі сөздің түйіні болса керек. Байжан Әлжанмен түйдей құрдас. Өзінің есімі ауызға да ілінбей, құрбысының мақталғанын ол онша ұната қоймады...

Ертеніне таңертең Әлжан Байжанды қақпа алдында күліп қарсы алды.

— Тал түске дейін қорылдағанда не таптың? Менің түрткілегеніме оянбадың ғой, тіпті...

— Ерте тұрғандары сенің олжаң қайсы? — деп Байжан қырын жауап қатты. Өткір күн нұрынан көзі ұялып, маңдайына алақанын қалқалаған ол көлеңкеде ат ерттеп жатқан өз ағасын көрді.


— Расында, көзің онбай қалған екен, — деп ағасы да езу тартты. — Қазір екеуің қорадағы қос жиренді көлге апарып шомылдырып қайтыңдар! — деп жұмсады.

Балалар бұған қуана келісті.

Екеуі екі сәйгүлік атқа мінгенмен жолжөнекей желікпей, көлге аянмен келді. Бір-біріне жөнді тіл қатысқан жоқ. Аттарын суға түсіріп, сылап-сипап, ұзақ шомылдырды. Бұл жұмысқа екеуі де әккі еді.

— Мықты болсаң кел, ат үстінде аударыспақ ойнайық, — деді Байжан құрдасына.

Әлжан қабыл алды. Екі дос аттарын шаужайлап, су ішінде қатарласа берді. Ал бастадым деп, Байжан бұрынырақ қимыл-



дап, Әлжанды жалаңаш иықтан бар пәрменімен қағып жіберді. Құрдасы атынан ауып кете жаздап, жантайып барып, жүас жиреннің жалына жармасып, бойып әрең түзеді. Байжан атын тебініп, сол жағынан төне бергенде, Әлжан он иығын қырындата бұра беріп, қатты ұмтылып, жолдасының білегінен шап беріп, ұстай алды да, өзіне қарай жұлқып тартып қалды. Байжан делбен етіп суға құлады.

— Қапы қалдым, қапы қалдым! — деп намыстанған Байжан астындағы атын жауырыңға сабалай, Әлжанды қуып жетіп, онымен қайыра тартыспақ болды. Бірақ, бұл кезде Әлжан судан шығып кетті.

— Ой, сенің өжеттігің қайда? Менімен қайта ұстасуға қорықтың ғой, иә?.. Мейлі, жарайды, кетсек кетейік, — деді Байжан жүзіне шыға келген ашу отын жасыра алмай, ойынды өзі бастап, жығылып қалғанына ызаланған Байжан.

— Анау жүрген бұзауға дейін жарысамысың, — деді Әлжанға. Сөйтті де, атын тебініп қалып, шаңы бұрқыраған жол жиегімен дүрсілдетіп шаба жөнелді.

— Байжан-ау, саған не болған? Үйдің іргесіне келгенде ат жарыстыра ма екен? — деп Әлжан тоқтау айтып, ере түсіп еді, бұған аялдар Байжан болмады, атына тақымын басып-басып жіберді де, ызғытып кетті...

Ол шеткі үйдің бакшасына жетіп, шарбақтан қиқулап айналып өте бергенде, жайылып жүрген бес-алты тауық ат дүбірінен шошып, қанаттарын сабалап, даңғазға ғып, шашырай ұшты. Күс әбігерінен жалт беріп үріккен ат, бір жағына бұра тартты. Басына ырық бермей, сынар езулеп, қырындай шауып барады. Байжан тізгінге қос қолдап-ақ жабысты, бірақ еті қызып алған жиренді жөнге бұра алмады. Үріккен ат шапқылаған бойында қақпасы аздап қана ашық тұрған атқораға қарай бұрылды. Аты қақпаға жетіп қалғанда, Байжан тізгінді қоя беріп, төмен еңкейіп, жасқанып көзін жұмып, жиреннің шоқтығына жабысты.

— Байжан-ау, секіріп кет деймін. Ағашқа соғады, — деп, атын камшылай Әлжан да жолды кес-кестеп, көлденендеп шапқылап келеді. Ол қораға бұрынырақ жетіп, үріккен аттын алдың тоспақ еді. Үлгірмеді. Байжанның жирені ағындап келіп қораға еніп кетті.

Есік алдындағы ашаға атын байлап, Әлжан қораға енді. Жирен аттын желігі әлі де басылмай, шылбырын сүйретіп, ойқастап жүр екен. Әлжан дереу қақпаны жаба қойды да, алақтап жан-жағына қарады.

— Байжан қайдасың? — деп дауыстады Әлжан.

— Мын-да-мын, — деп дыбыс берді құрдасы.

Әлжан дауыс шыққан бұрышка қарай жүрді. Жуан ашаның ығында, бір бұрышта, тізесін уқалап Байжан отыр. Құрдасы қасына келгенде ол он аяғын ақсай басып орнынан тұрды.


— Жирен ашаға тіземді ондырмай соқты. Көрдін бе, міне, тіземді, көгеріп кеткенін, — деп Байжан шалбарының балағын жоғары түріп, тізесін көрсетті.

— Үріккен ат құрдасын қораға қарай ала жөнелгенде тұла бойын үрей билегенін Әлжан да жасырмады. «Ат ашаға соғып, бір жеріне зақым келсе қайтесін. Секіріп кетуің керек мұндайда» — деп, жолдасына ақылды да айтып жатыр.

— Қызыксын ғой өзін,— деп Байжан мұның сөзін бөлді,— кұйындатып бара жатқан аттың үстінен қалай қарғып кетпексін... Қарғын деп бір оңтайланып едім, батылым бармады.

Ол бұл сөзді айтуып айтып қалғанмен, соңынан өкінді. Тайталас кұрдасының алдында осалдығын сездіріп алғаны несі екен. Байжан ботинкасының тұмсығымен жер шұқылап, төмен қарап сәл тұрды да, тез сергіп, ширақ үнмен:

— Бұл не тұрыс, асауымды ұстайын. Оның сазайын сыртқа шыққан соң мықтап тұрып берейін.— деп кұрдасына жымып иек қакты.



Бірақ, бұл сыртқа шыққан соң жирен аттың сазайын тартқызбады. Тізгінді тежеңкірей, қыса ұстап, атын ақырын ғана жортақтатты.

Ертеңіне ағаларының шақыруымен Әлжан екеуі екі атқа салт мініп жайлауға тартқанда да Байжан бұрынғы әдетінше жол-жөнекей жарысуды қаламады. «Күн ыстық, аттарды буламайық» — деп көбінесе жорға бүлкілмен отырды. Тек малшылар қосының қарасы көрінген кезде ғана Әлжанмен үзеңгі қағыстырып ілгері ұмтылып, атын сар желдіріп кетті. Жолдасының одан озғысы келмеді. Байжан қосқа бұрынырақ жетті.

...Кешкі салқын түсе, жылқышылардың бірі жанына Байжан мен Әлжанды ертіп, бір топ жылқыны қос маңына айдап әкелді. Әлжан кұрығын сүйретіп, жылқының алдын бөгей иіре беріп еді.

— Ал, балақай, анау көк биені жанама лап барып, дөненге кұрық салшы. Байка, астыңдағы атыңды тежеп ұста,— деді егде жылқышы Байжанға.

Демін ішіне тартып, тістеніп алған Байжан көк биенің тұсынан жанай өте беріп, оңтайлап ұстаған кұрығын дөненге сілтеп қалды. Қолы мүлт кетпеді. Мойнына сарт етіп тұзақ түскен аңқау дөнен қатты шошып, орғып түсіп, кұрықты жұлқып жоғары қарғыды. Ат үстінен ұшып кете жаздаған Байжан кұлармын деп жасқанып, қарысуға тайсақтап, саусақтарын жазып жіберді. Кұрықты сартылдатып, тепкілей сүйретіп, жорға дөнен топ жылқыдан жырыла қашты. Әлжан бұған қапталдаса ұмтыла берді. Дөнелнің алдын орағыта беріп, ол тұзақша сойылмен қашағанды мойнынан ілді. Кұрық тимеген кұр асау мұны да сүй-

реп кетуі мүмкін еді. Бала өзінің торысымен оған ілесе шауып, кұрығынан айырылмады. Осы кезде егде жылқышы да жетіп, кұрыққа ол да жармаса кетті. Екеулеп тежеп, дөнелді тыпыр еткізбеді.

— Ие бол, ие бол! Бүлк еткізбе! Жүген әкеле жатырмын! — деп айқайлады Байжан атына үсті-үстіне қамшы басып, шапқылап келе жатып.

Таңертен ол ерте ояңды. Көзін сығырайта ашып, он жағында жатқан. Әлжанға қарады. Ол да ояу екен.

— Қайырлы таң, Байжан! Қалай, ұйқың қанды ма? — деді ол койкөзінің жанарында күлкі ойнап.

— Мен ояңғалы қашан! Ұйқым қанып қалыпты,— деп, Байжан да көрпесін кейін сырып тұруға оңтайланды.

Екеуі де қатар киініп тысқа шықты. Күн нұрына малынып тұрған дала келбеті бұларға біртүрлі ыстық көрінді. Көз ұшында шашырай жайылып қалың жылқы жүр. Ауыл жақтағы биік адырдың иығына асылып жатқан қара жолмен екі-үш салтатты төмен кұлап келеді. Көгілдір аспанда түтілген түбіттей ақшыл бұлттар жүзіп барады. Дала гүлінің хош иісі аңқиды. Әлжан бар төңірекке құмарта көз тастап, жаны аса бір рақат тауып тұр еді.

— Сен кеше сескенген жоқпысың? — деген Байжанның тосын сұрауы оның көңілін бөліп жіберді.

— Неменеден? — деді түсініксіз.

— Асау атқа кұрық салғанда, кұлатып кетер деп қорықпадың ба?

— Оның несі қорқыныш. Өзін қорқып па едің?

— Жок, ә...

— Ендеше құрығынды неге жіберіп қалдың?

— Аттан аударып кетер деп жасқандым..

— Ә, солай ма,— деп күлімсіреді Әлжан,— бірақ жасқанудың өзі қоркумен ағайын ғой.

— Мүмкін, солай шығар,— деді Байжан күбірлеп.

Кешке қарай екі бала өздері тіленіп жылқы бағуға шықты. Бұларды бастап әкелген жылқышы әр сөзін қысқа-қысқа қайырып, екі балаға міндет жүктеп, тапсырма берді.

— Жылқының бір шетінде өзім боламын. Екеуің екінші шетіне ие боласыңдар. Ұқтыңдар ма? Қорықпайсыңдар ғой? — деді жылқышы.

— Ұқтық. Қорықпаймыз!

Жылқышы мұртын сипап, балаларға жымия қарады.

Жас жылқышылардың бірінші түні қатері мол қиын сын үстінде өтті. Астына семіз торы ат мініп көп жылқының арасында жүрген Әлжан мана, қостан аттанар алдында, батыс жақтан түйіліп келе жатқан қарасұр бұлтты байқап еді. Түн ортасына таман төбедегі көмескі жұлдыздардың беті бүркеле бастады. Жел де күшейе түскендей.

— Жанбыр келе жатыр. Сақ бол,— деп дауыстады ол Байжанға.

Бір мезгілде күн қатты күркіреп, найзағай жарқ ете қалғанда, жайылып жатқан жылқының бір шеті кейін жапырыла үрікті. Әлжанның астындағы семіз торының құлағы елеңдей қалды. Айнала қап-қаранғы, ештеңе көрінбейді. Әлжан атын тебініп жіберіп, дауыс салып, үріккен жылқының алдынан шықты. Осы кезде сатырлап өткінші жанбыр құйып қоя берді. Найзағай тағы да бір жарқ еткенде, шеттей жайылған бір тайды камалай қуа жөнелген екі-үш көкжал бөріні Әлжан ап-анық көрді. Байжан да байқап қалды. Ол құрығын кезей ұстап атой сап, бөрілерге тұра ұмтылды. Даланы басына көтере қиқулады. Дабырды естіп, егдә жылқышы да осылай қарай ат қойды.



— Сен жылқыға ие бол! — деп Әлжанға әмір етті де, ол Байжанның соңынан жөнелді.

Байжан қасқырлардан тайды арашалап алып, оны үйірге қарай қайырып тастады да, ілгері шауып жөнелді. Айғайға басып, бөрілердің зәресін ұшырып қуып келеді.

Ол кері бұрылғанда, атын алқынтып, жылқышы да жетті.

— Әттен, атым жүйрік болмады, әйтпегенде қасқырдың біреуін соғып алатын едім,— деді Байжан даурыға.

— Соғып алмасаң да, әбден естерінен тандырдың. Жүрегінің түгі болмаса, енді өздері де бұл манды баспас,— деп жылқышы оған разы болды.

Екеуі аттарының еңтігін басып, жай аяндатып, үйірге келді. Нәсерге малшыған Әлжан семіз торысын жортақтатып бұлардың алдынан шықты.

— Сен дұрыс айтқан екенсің, Әлжан, жасқанбаған кісі қорықпайды екен! — деді Байжан. Құрдасы мұның қаранғыда күлімдеп тұрғанын байқады..

БІЛІП АЛ!



Қазақ ССР-ының гербі.



Қазақ ССР-ының жалауы.

Екінші, үшінші сатыдағы пионерлердің жас ерекшелігіне қарай олардың өмірде үйренетіндері, біліп алатындары да көбейе түседі. Мысалы, екінші сатыдағы пионерлер СССР-дың мемлекеттік жалауы мен гербін, өзінің одақтас республикасының жалауы мен гербін біліп алуға тиіс. Революциялық әндерді, «Интернационалды» отрядта айтуды үйренуге тиіс.

Сол сияқты, үшінші сатыдағы пионерлер ұлы Лениннің жастарға айтқан өсиеттерін білуге, комсомолдың III съезіндегі сөйлеген сөзімен танысуға тиіс. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының туған күні туралы октябрияларға, өзінен төменгі сатыдағы пионерлерге әңгіме айтып беруге тиіс.

Біз төменде осылар туралы әңгімелейміз.

Совет Одағының мемлекеттік жалауы мен гербі бар.

Мемлекеттік жалау — мемлекет тәуелсіздігінің белгісі. СССР Конституциясы бойынша Совет Одағы мемлекеттік жалауы қызыл матадан жасалады. Қызыл матаның жоғарғы бұрышында алтын орақ пен алтын балғаның суреті бар. Оның үстіңгі жағында бес бұрышты қызыл жұлдыз бар. Жалаудың көлденеңі мен ұзындығы 1:2 мөлшерінде болады.

Одақтас республиканың өзінің мемлекеттік жалауы бар. Барлық одақтас республикалардың жалаулары СССР-дың мемлекеттік жалауына негізделген.

Қазақ ССР-нің мемлекеттік жаңа жалауы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1953 жылғы 24 январьдағы указы бойынша бекітілген. Онда Қазақ ССР-ның мемлекеттік жалауы ұзынынан қатарлас құралған түсті үш салалы матадан бекітілген. Жалау-

дың көлденеңінің үштен екісін алатын жоғарғы саласы қызыл түсті, жалаудың көлденеңінен тоғыздан екісін алатын ортаңғы саласы көкшіл түсті, жалаудың көлденеңінің тоғыздан бірін алатын төменгі саласы қызыл түсті болады. Жалау матасының жоғарғы қызыл бөлігінде, жалаудың ұзындығының төрттен біріндей жерінде, алтын орақ пен алтын балғаның суреті бар, олардың үстінде жиегі алтынмен көмкерілген бес бұрышты жұлдыз салынған. Жалаудың көлденеңі оның ұзындығының 1:2 мөлшерінде.

Мемлекеттік герб — мемлекеттің өкімет белгілеген белгісі. Совет Одағының мемлекеттік гербі СССР Конституциясының 143-статьясы бойынша бекітілген. Гербтегі орақ пен балға жұмысшылар мен шаруалардың біте қайнасқан одағын бейнелейді. Бидай айналасына қоршай қызыл лентаға 15 одақтық республикалар тілінде жазылған үндеу сөз — совет халықтарының туысқандық берік одағын бейнелейді. Гербтің жоғарғы жағынан нұр төккен бес бұрышты жұлдыз — социалистік революцияның символы болып есептеледі.

Одақтас республиканың өз гербі болады. Әр республиканың гербінде де орақ пен балғаның суреті салынған. Демек, әр советтік республика жұмысшылар мен шаруалардың берік одағы негізінде құрылған, сонымен қатар, әр республиканың шаруашылық ерекшелігіне қарай, гербтерінде өзгешеліктер болады. Мысалы, Қазақ ССР-ның гербінде шығып келе жатқан күн мен бауланған бидай бейнеленген.

Әр пионер Ұлы Октябрь Социалистік революциясының маңызын жете түсінуге тиіс. Революциялық әндерді үйренумен бірге, партиямыздың гимні «Интернационалды» айтуға міндетті. «Интернационалды» сөзін қарапайым жұмысшы, Париж Коммунасына қатысқан ақын Эжен Потье жазған. 1888 жылы Француз жұмысшысы, ағаш шебері, талантты композитор Пьер Дегейтер «Интернационалды» музыкасын жазды. Осыдан жетпіс жылдай бұрын, Лилл қаласында жұмысшылардың хоры «Интернационалды» тұңғыш рет ашықтан-ашық орындады.

Балалар, ұлы көсеміміз жастарға арнап көп өсиеттер қалдырды. Сендер В. И. Лениннің өздеріңе арнап айтқан «Оқы, оқы және оқы» деген өсиетін жақсы білесіңдер. РКСМ-ның III съезінде В. И. Ленин «Жастар Одағының міндеттері» деген тақырыпта ұзақ сөз сөйледі.

Балалар, көсемнің бұл сөзі жеке кітапша болып талай рет басылды. Кітапшаны тауып алып оқып шығыңдар.

В. И. Ленин атындағы пионер ұйымы — өз қатарында 9 бен 14 жастағы жас бұынды тәрбиелеген саяси ұйым. Бұл ұйым оқудың сапалы, тәртіптің берік болуына жәрдемдеседі, балаларды советтік Отанды сүйуге тәрбиелейді.

Тұңғыш пионер ұйымы 1922 жылы 19 майда Москва қаласында құрылған. ВЛКСМ Орталық Комитеті 1924 жылы пионер ұйымы В. И. Лениннің есімімен аталсын деп қаулы етті. Пионер ұйымын В. И. Лениннің есімімен атауға арналған парад 1924 жылы 23 майда Москвада, Қызыл алаңда өткізілді. Парадта пионерлер ұлы Лениннің партияның ісіне адал боламыз деп ант берді.

МАШИНИСТ

Әбекең о кезде қазіргі бірінші Алматы станциясында құрылысшы болып істейтін. Сондықтан ба, әйтеуір, Жақып та жастайынан ұсталыққа үйір болды. Әбекең жұмысқа кеткенде Жақып о кісінің сайманын алып, ағаш жонып, темір шегелеп, өзінше ұсталық етіп жүретін. Мұны көрген Мейір апай:

— Жақып жаным-ау, Әбекеңнің саймандарын жоғалтып қойма,— деп күнде бір ескертіп қоюшы еді

— Жоғалтпаймын, апа! — деп Жақып өз ісіне құлшына кірісетін. Жақып жолдастарына өзі жасаған ойыншықтарды көрсетеді. Оларға арамен ағаш кесу, шеге қағуды үйретіп ойнайды. Жақыптың бұл ісіне Әбекең де сүйсінеді. Келе-келе Әбекең Жақыпқа шана, кішкене арба жасауды үйретті.

Жақып мектепке барғаннан былай қарай машинист болуды армандады.

Сабақ біткеннен кейін кластас достары үйді-үйлеріне қайтса, Жақып паровоздар мен депоға қарай тартатын болды.

Тіпті, Жақыпты мектептегі жолдастары «Машинист, теміржолшы» деп атай бастады. Өйткені, Жақыптың дәптері кілең жүк таситын вагондардың, паровоздардың суреттеріне толы болатын. Ол жолдастарымен де тек паровоз жайлы әңгімелесетін.

Жақып күнде сабақтан кейін депоға келіп, өз орнына отыратын. Өз орны болғанда, паровоз ішіндегі машинист отыратын орын емес, Жақыптың орны басқа. Ол паровоз құм, су, көмір алатын жерге келіп отырады. Мұнда өңшең демі — жалын, лебі — от паровоздар. Олардың бәрінде қарбалас жұмыс. Өйткені, сапарға шығудың ең соңғы дайындықтары сонда жүргізіледі. Міне, бір жерде жолаушылар таситын нақыштала боялған жасыл паровоз құм алып тұр. Оның жанында алып күшті, құрамы күрделі, тетігі жұмыр жүк таситын бірнеше паровоз келіп тоқтай қалды. Олардың кейбіреуі биік эстакада астына кіріп, көмір алуда. Ал, енді біреуі канаваға тұрып оттық тазалауда. Қандай керемет! Машинист көмекшісі төмен түсіп бір тұтқаны тартып қалып еді, канаваға жанып біткен оттың күлі өзінен-өзі сау етіп төгілді. Онда кілең қып-қызыл шоқ жайнап жатыр. Тіпті, оның ыстық жалыны алыста отырған Жақыпқа да жеткен болу керек. Өйткені, ол бетін қайта-қайта сипалап қояды. О, бәрінен де паровоздың бу жібергенін айтсаңшы! Бұл тіпті қызық. Жақып, әсіресе, осыған қызыға қарайтын. Кочегар паровоз



бүйіріндегі эварластинга кранын ашты. Одан бу күшті қысыммен гүрілдеп-парылдап шығып, айналаны күңіретіп жіберді. Тіпті еріксіз екі құлағыңды басасың. Бұған алыстан қарасаң, аспандағы көшіп жүрген ақ бұлттар жерде көшіп жүргендей болып көрінеді. Ал, жақындап келіп, сол буға кіре бастасаң, бейне бір қою тұманның ішінде жүргендей боласың. Тіпті жаныңда тұрған жолдасың тұрмақ, паровоздың өзі де көрінбейді.

Міне, Жақып деподағы осындай тамашаға құмарта қарайтын. Енді ол станцияға келіп, биік көпірдің үстіне шығатын. Қандай биік! Қандай әсем! Бұл жерден айналаның бәрі көрінеді. Негізгі жолдан бөлінген тарам-тарам жолдар. Оның бәрінде түрлі жүк тиелген, май құйылған, жолаушылар отырған вагондар тұр. Міне, вокзал алдындағы бірінші жолдан жолаушылар поезі жөнелді. Оның паровозы алдында құлақ тұндырып бір қышқырды. Орнынан қозғалды. Ол симафордан сытылып шыға, бауырын жазып, қырандай жүйткіп самғап барады. Ал, станциядағы жанама жолдарда ерсілі-қарсылы алдымен де, артымен де вагондар сүйреген маневр жасайтын паровоздар зымырап жүр.

Стрелкашылармен өздерінше ысқырып хабарласып, тілдесіп жүр. Осы кішкене паровоздар жаңа келген составты лезде бытыратып, тиісті орындарына қойып, екінші составты құрастырып та үлгерді...

Бір күні мынандай уақиға болды. Жақып күндегі әдетінше паровоздар су алатын құбырға келді. Осы сәтте деп о жақтан бір маневр паровоз келіп тоқтай қалды. Машинистің көмекшісі тендерге шығып қақпағын ашты да, құбыр мойнын тендермен жалғады. Сонан кейін ол кочегарға дауыстап:

— Рақым, суды ал,— деді. Мұны естіген Жақып жанында тұрған құбыр бұрандасына келіп:

— Аға, түспей-ақ қойыңыз, мен ашайын,— деп бұрай бастады.

— Ойбай-ау, сенің әлің жетпейді ғой,— деді машинист Албаев Елубай. Соның арасында Жақып бұранданы ашып жіберіп, суды сарылдатып ағызып та үлгерді.

Кішкене баланың бұл еңбегіне риза болған машинист өріксіз паровоздан түсіп келіп:

— Балам, қай класта оқисың? — деді.

— Үшінші класта оқимын.

— Фамилияң кім?

— Фамилиям Тұрғанов, атым Жақып.

— Е, дұрыс, мына құбырды ашып, жабуды қалай үйрендің?

— Оның ашып, жабу амалын мен күнде көремін,— деді Жақып.

Мұның жауабына қызыққан машинист:

— Сен паровоз жайында тағы не білесің? — деп сұрады.

— Бірнеше сигналдар білемін. Паровоз бір ысқырса, алға жүреді. Екі ысқырса артқа жүреді, үш ысқырса тоқтайды. Қызыл сигнал берсе, тағы тоқтайды,— деді Жақып мақтанған кейіппен.

— О, міне жігіт, өзің нағыз машинистсің ғой. Паровозға отырып ары-бері жүресің бе? — деді машинист.

Жақыптың көптен бергі арманы да осы еді. Ол кідірместен паровоз ішіне кірді. Қандай тамаша! Мұнда алтындай жарқыраған түтіктер. Олардың барлығы су, бу, май бөлгіштерден күре тамыр тарамындай таралған. Одан басқа да көптеген тетіктер бар. Олардың арқайсысы түрлі жұмыс атқарады. Бір кезде машинист көмекшісі паровоз отығын ашып, көмір тастады. Міне, ғажап! Онда лаулап жанған от жалыны маздап тұр. Мұның өзі бірден назар аударады. Жақып мұндай отты өмірі көрген жоқ-ты. Сондықтан да, ол мұны көргенде өріксіз таңданды.

Осыдан кейін машинист бір ұстағышты көтеріп кеп жіберіп еді, бірдеңе сарылдай жөнелді. Бірақ көзге ештеңе көрінбейді. Жақып бұған аң-таң болды. Бір кезде паровоз тоқтады. Жақып машинистке келіп:

— Аға, сіз жаңа мына тұтқаны көтергенде гүрілдеген не? — деп сұрады. Бұған машинист езу тартып күлді де:

— Ол жаңағы сен құйған су. Мына тұтқаны көтергенде сол су сонау тендерден мына қазанға көтерілді. Оны көтерген мына инжектор. Осы қазанда жалынымен су қайнап, буға айналды,— деп көрсетті. Сонан кейін машинист сөзін жалғап: — Енді келіп тұрасың ба? — деді.

— Мен күнде келейін. Егер паровозға мінгізсеңіз. Мен де үлкейгенде машинист боламын,— деп Жақып қуанғанынан бар сырын айтып та салды.

Жақып ағасының келуін асыға күтті. Бүгінгі көргендерін, алғашқы таныстықты айтқанша асықты. Міне, кешікпей Әбекең де келді. Жақып о кісінің алдынан жүгіріп шығып, есік алдына жеткенше өзінің машинист болатынын, бүгінгі қуанышын айтып та үлгерді. Әбекең Жақыптың маңдайынан сипап:

— Машинист болсаң бол, дегеніңе жет. Техника тілін білген жақсы,— деді.

...Гүрс-гүрс жарылған бомбалар жүйке тамырды бөріктіріп барады. Сонау алыста тұрған зеңбіректер мойындарын орман жаққа бұрып, снарядтарды боратып атып тұр. Төбе дір қағады. Осы орманды түп тамырымен өртеп жібергісі келгендей айналаны көпіре түлкіштеп ұрып тұр. Өрт жалыны өрлеп келеді. Жерді қараңғы түндей қара түтін басқан. Жау атқылаған орман ортасын темір жол кесіп өткен. Міне, бір кезде борап тұрған оқ жаңбырға қарамай бір поезд өте шықты. Бірақ, ол алысқа ұзамай, тоқтай қалды. Өйткені, алдағы көпірдің бір рельсі сынып кеткен екен. Не істеу керек? Қалайда болмасын жауынгерлік тапсырманы орындау — міндет. Паровоз машинисі жолды жағалап көріп шықты да, көмекшіні шақырып:

— Николай, сен мына сынық рельсті орнынан алып таста. Біз Петро екеуіміз артқы рельсті шығарамыз. Соны салып көпірден өтеміз. Кідіруге немесе көмек күтуге уақыт жоқ. Түсінікті ме? — деп сұрады.

Бұдан кочегарь Петр:

— Ал, қайтарда қалай етеміз? — деді.

— Қайту оңай. Өйткені, мына оқ-дәрі снарядтарды жауынгерлерге жеткізсек бол-

ды. Олар бұл снарядтармен жауға соққы беріп, оларды біраз жерге қуалап тастауы сөзсіз емес пе? — деді ол.

Міне, зуылдаған оқ астында үшеуі іске кірісті. Ержүрек майдан паровозшылары ол жұмысты бір сағатта бітірді. Поезд көпірден өтті. Калининград қаласына өз уақытысында жетті. Жауынгерлік тапсырма уақытында аброймен орындалды!

Бұл үшін паровоз бригадасына Калининград темір жол бөлімшесінің бастығы майдан теміржолшылар атынан алғыс жариялады.

Мұндай батыл майдан машинисі кім? Ол — бір кездегі мектепте жүргенде машинист болуды арман еткен Жақып Тұрғанов. Ол қалай машинист болып кетті?

...Жақып төртінші класты бітіргеннен кейін Алматы, Петропавл қалаларындағы балалар үйінде тәрбиеленді. Ол сегізінші кластан кейін машинистің көмекшілерін дайындайтын курсті үздік бітіріп, Шымкентте істеді.

1941 жыл. Ұлы Отан соғысы басталды. Еліміздің ержүрек ұлдары мен қыздары халық үшін, Отан үшін қан майданға аттанды. Бірақ, теміржолшыларды армия қатарына алмады. Сонан кейін отаншыл ұлан, батыл жүректі Жақып өзі сұранып майданға кетті. Мұнда да Жақып өзінің сүйікті мамандығы паровозда істеді. Еңбек сүйгіш Жақып майданда жүріп машинистік право алды. Міне, майдан шебінде, ата — жаумен алысып жүр-

генде Жақыптың ежелгі арманы, түпкі мақсаты орындалды. Ол нағыз машинист болды. Машинист болғанда да тіпті ержүрек майдан машинисті болды.

Жақып соғыс біткенше майданда жүрді. Ол өз паровозымен Польша, Румыния, Шығыс Германияны аралады. Соғыс бітті. Жауынгер машинист Алматыға қайтып оралды.

Қазір Жақып Алматы паровоз депосындағы комсомол-жастар колоннасында істеп жүр. Өткен айда да жастар колоннасындағы өзара жарыста жүлделі орынға машинист Жақып Тұрғановтың бригадасы ие болды. Қазір жас машинист Жақып өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде Алматы темір жолының бөлімшесі жұмысшыларының сүйіспендігіне бөленді.

Міне, жастайынан жетім қалып, әке-шеше әлдиін көрмеген, соғыстың ауыр жылдарын қан майданда өткізген Жақып, енді игілікті еңбек қуанышына бөленді.

Жақып жастайынан болашақ мамандығын таңдай білді. Соны үйренуге талаптанды, талпынды. Оны меңгеруді мақсат етті. Міне, соның нәтижесінде қажырлы еңбегімен көпшілік мақтанышына ие болды. «Талапты ерге нұр жауар» деген осы.

Мұның бәрі — мамандықты ерте бастан таңдай білудің игілікті жемісі.

Б. ЖҰМАТАЕВ.

С Ә У Л Е

Әжесі Сәулені ылғи «құлыным», «ботам» дейтін.

Бір күні Сәуле әжесінің қасына жүгіріп келді. Оның тізесіне отыра қалып, өркелеп мойнынан құшақтады.

— Әже, әй әже, — деді Сәуле.

— О не, ботақаным?!

— Әже, осы сен неге «құлыным» дейсің? — деп сұрады Сәуле.

— Ой, құлыншағым, сол! — деп әжесі немересінің сұрағына мәз болып күлді. — Мен сені жақсы көргендіктен құлыным деймін.

— Онда неге «ботам» дейсің?

— Онда да жақсы көрген соң айтам, — деп жауап берді әжесі.

Сәуле одан кейін ләм деген жоқ, «енді түсіндім» дегендей басын изеді...

Содан бері біраз күн өтті. Курорттан Сәуленің папасы оралды. Сәуле қатты сағынып қалған екен, қуанып алдынан шықты. Бұрын «папалап» жүгіретін қызы бұл жолы мойнына асылып:

— Өй, құлыным, ботам сол, — деп құшырлана қысты.

Міне қызық, папасының көзі бажырайып кетті.

— Қызым-ау, сенің оның не, мені олай дегенің, — деп қайран қалды.

— Папа, енді сені құлыным, ботам деймін. Оны жақсы көрген соң айтамын, — деді Сәуле.


Істің мәніне жаңа түсінген әкесі күліп: — Жоқ, Сәуле, олай деме. Сен менің ботамсың, ал мен сенің папаңмын, — деп бетінен сүйді.

С. Нұрмақов.

КҮЙКЕНТАЙ

(мысал)

Каны қарайып, өшігіп алған қырғи күйкентайды тағы кездестірді. Күйкентайдың зәресі ұшып қаша жөнелді. Бірақ, қырғи оны қайтседе ұстауға тырысты. Егер екеуінің арасына түйғын түсіп ажыратпағанда, күйкентайдың жүрегі жарылып кетер ме еді, қайтер еді.



— Екеуіміз дос болайық! — деп, шырылдады күйкентай, түйғынға жалтақтай қарап. Сенің істеген жақсылығыңды өмірі ұмытпаспын.

Сөйтіп екеуі достасты. Бұрын күйкентайға қожандай беретін құстар енді маңына да жуымайтын болды.

Бір күні аяқ астынан түйғын қатты жараланды. Оның халі күннен-күнге нашарлай

берді. Түйғынның қолынан ештеңе келмесін білген күйкентай:

— Ал, қош бол, бауырым, амандығыңа әр уақыт тілектеспін, — деп ұша жөнелді.


ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

(мысал)

Аш қасқыр аласұрып жемтік іздеп келе жатып, кірпіні көріп қалды. «Қандай жақсы болды! Тоймасам да, жүрек жалғап алайын» деп, аузын арандай ашып бассалды кірпіні.

— Ту, қатты кеткенің-ай! Алдымен амандық сұрасаң қайтер еді? — деп, қарқылдап күлді, тікенектерін шанышып-шанышып алған кірпі.

— Әшейін танысым болған соң, аядым ғой, — деп желкесін тыжырып жүре берді, аузы қанаған қасқыр.



М. ЕТЕКБАЕВ.

«ҚОҢЫР ӘУЛИЕ»

Деуші еді әжей: — Емес бұл аңыз...

Жол түсіп,
болса баратын күн бір
Баянның тауына.

сонда ғой нағыз,
Киелі «Қоңыр әулие» — үңгір,
Оқымай намаз, садақа сапмай,
Сынбай барсаң, әулие кенті.
Киесі соғып, адамдар ондай
Ауызы мен мұрны қисайып кетті.
Немере оны біледі бірақ:
«Ескірген ұғым — әжемнің сөзі».
Сұранды жазда лагерьге Мұрат,
«Әулиені» енді көреді өзі.

* * *

Жасалды талай қызықты жорық,
Сөйтсе де бүгін ерекше күн бір.
— Осы ғой, міне, — ойлады көріп,
Айтатын әжем «Киелі үңгір».

Үңгірге, міне, Мұрат та енді.
Жарық қып ішін май ағаш жағып,
Тершіген құр тас түпкірді көрді:
— Қалайша нанған осыған халық!
Түбінде қазан — тас қашап ойған,
Жасады, бәлкім, алғашқы адам.
Адамды інге табынтып қойған
Сананы улап баяғы заман.

* * *

Садақа, намаз дегеннің бірін,
Балалар нетсін, еркімен жүрді.
Тамшының, тастың, үңгірдің сырын
Вожатый талдап түсіндірді.
Оқымай қалған бағы бір кезде
Әжесін Мұрат еске алып тұрды.
Сөйтсе де сипап қояды кейде;
Қисайған жоқ па аузы мен мұрны.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

Павлодар қаласы.

Рабиндранат Тагор.

Үнді жазушысы.

МҰРА

ӘНГІМЕ

— Талақ еттім, кетемін мен! — деді ашуға булыққан Бриндабон Кундо әкесіне:

— Ә, солай ма, иттен жаралған неме! — деп жауап берді. — Джогонатх Кундо. — Қақтым, бақтым жастайыңнан. Әке қарызын өмір бақи өтей алмасың. Көргенсізін көрдің бе мұның!

I.

Джогонатх — бүйірі шығып тамақ та ішпейтін, жөні бүтін көйлек те кимейтін, өз дүниесін өзінен аяйтын, тістенгіш адам болатын. Ерте заманда сұпы, дәруіштер жан рахатынан, тән рахатын көп ойламайды екен. Джогонатх солардың сара жолын қуған жан еді. Рас, ол ойлағанын үнемі жүзеге асыра бере де алмайтын. Кейде оның ниетіне кәзіргі азған қауым көлденең тұрса, кейде адам баласының табиғатына тән қисынсыз бір құмарлық жол бермейтін.

Баласы үйленгенге дейін мұның бәрі де бір жайда өтіп жатқан еді. Той өтісімен-ақ Бриндабон ішіл-жеп, киім жайындағы әке өсиетін тыңдамайтын болып кетті. Ол тіпті рухани өмір дегеннен көрі, киім-кешек пен құлқын қамын артық санайтын болды. Джогонатх шығыны өсе берді.

Әке мен бала жиі-жиі қырқыса беретін болды. Бір күні Бриндабонның әйелі ауырып қалып еді, қымбат дәрі жазып берген дәрігерді Джогонатх қуып жіберуге дейін барды. Бұл дәріден ол дәрігердің надандығын көрді. Бриндабон әуелі жалынып еді, соңынан қорқыта талап ете бастады, — бәрі де зайға кетті. Ақыры жамағаты дүние салды. Бұл өлімді ол әкесінен көрді.

— Неге менен көресің! — деп таңданды Джогонатх. — Немене, дәрі ішкен адам өлмейтін бе еді? Егерде қымбат дәрі жан сақтайтын болса, онда ана хан, патшазадалар неге өле береді? Оның үстіне, әйел үшін сонша шү көтере ме екен! Өз шешең мен әжеңнен несі артық еді оның!

Расында да қайғыдан есі кеткен Бриндабон ақылға құлақ қойып тыңдап алған болса, мына сөздерге жұбанар ма еді. Шешесі де, әжесі де ауырған шағында дәрі ішіп көрген жоқ-ты. Бұл үйдегі дәстүр қашаннан солай болатын. Ендігінің адамдарының баяғыша өлгісі келмейтінін қайтерсің!

Бұл ағылшындардың Үндістанға қанды шеңгелін енді-енді қадап келе жатса да, қария біткен қорқорларын тарта отырып, бұзылып бара жатқан жастарға күрсіне, өкіне қарайтын кезі болатын.

Қалай болса да, өз заманында озық ойлы Бриндабон кері тартпа Джогонатхпен керісіп қалды.

— Мен кетемін!

Әкесі қарсылық етпеді. Жалғыз-ақ, енді қайтып саған көк тиынның көзін көрсетсем, жұрт мені сиыр қанын¹ төккен адам деп санасын, — деді. Соған орай Бриндабон да, «Сенен қалған мұраны иемденсем, анамды өлтіргеніммен тең болсын!» — деп салды. Содан кейін әкелі-балалы екеуі ажырасып кетті.

Тұрғын адамдар самарқау да көңілсіз өтіп келе жатқан өз өміріндегі бұл бір болмашы оқиғаға қуанысып қалысты. Олар өз хадарынша Джогонатхқа көңіл айта бастады. Бәрі де мұндай сұмдықты осы заманда ғана көріп отырмыз. Әйтпесе, әлде бір келін үшін әкелі-балалы болып жүз шайысқанды кім естіяті десті.

Бұл жерде, әрине, қатын өлсе қамшының сабы

сынды, тағы біреуі табылады, әкең өлсе, оның орнын кім толтыра алады, дегенді баса айтқандық бар еді. Орынды дәлел, сонда да Бриндабон сияқты мына жігіт анадай әкесі өлсе қуанбаса, жыпамайтын сияқты еді маған.

Бриндабонның кеткеніне шал қатты қайғырып қалды деуге де болмайтын еді. Біріншіден, баласы кеткен соң шалдың шығыны азайды. Екіншіден, үнемі ет-жүрегін сескөндіріп жүрген үрейден құтылды: шал қашанда біреу-міреу улап өлтірер ме екен деген күдікте болатын.

Шалды азаптаған бір ғана нәрсе еді: баласымен бірге төрт жасар немересі Гокулчондро да кеткен болатын. Гокулдың киім-кешегі мен тамағына жұмсалатын бәлендей шығын да жоқ еді, оның үстіне, шал немересін жақсы көретін. Сол бір өзегін тілген қайғыға қарамастан, шал енді екі жанның кетуімен бәйланысты, айына қанша шығын шығатынын, қанша үнем болатынын есептеп қойды.

Сондада, қаңыраған есіз үйде елегізін ұйықтай алмайтын да болды, қоңылтақсып қалды: намаз үстінде енді ешкім де оны ала көңіл етпейді. Есеп-қисап жасаймын деп отыра бергенде, сия дәуітін ала қашатын да жан жоқ. Ешбір кедергісіз оңашада жуынып, оңашада тамақ ішудің өзі шалға енді бір қасірет бола бастады.

Мынадай бір қу медиен құлазу, күйзелуді адам өзі өлгеннен кейін ғана сезінетін сияқтанды оған. Әр нәрседе сәби қолының ізі бар. Төсенішке сия төккенде, көрпені жыртқан да сол шебердің өзі болатын. Соларды көрсе шал бір түрлі ауыр сезініп қалатын еді. Атасы бұрын «Екі-ақ жыл болып еді кигеніңе, ине-шаншар жер қалдырмай тоздырыпсың дхотиныңды» деп, аласұрған баланы қарғап-сілеуші еді, міне енді Гокул жатқан бөлмеден кір шүберектерді көргенде, көзі мөлтілдеп жасқа толып кетті. Шал бұрын мұндай шүберекті көрсе, шамға білте жасайтын, болмаса басқа бірдемеге жарататын еді, бұл жолы оның бірін де жасамады, алды да, сандығына тығып қойды. Және Гокул егер қайтып оралса, бір жылда бір дхоти тоздыратын болса да қыңқ демеспін деп те салды.

Бірақ, Гокул оралмады. Шал тез қартайып, бүгіліп кетті, үй де азып, әгей көріне берді.

Джогонатх енді үйде тыныш отыра алмайтын болды. Түскі тамақтан кейін инабатты адамдардың бәрі ұйықтап жататын талма түстің шағында да Джогонатх қолына қорқорын алып қыстақты кезіп жүреді де қояды. Осы ретте балалар кездессе, ойындарын тастай салып ұзаңқырай баратын да, шалдың сараңдығы жайында ауыл ақыны шығарған өлеңді шуласа айтып, ажуалай бастайтын. Жұрт аш қалармыз деп қорқатын да, шалдың атын да атамайтын, әр кім өзінше атаушы еді оны. Шалдар болса «Джогонаш» деп, ал балалар жағы «Жарқанат» — деп айтатын. Неге олай дегенін кім білсін. Мүмкін, еті қашқан шалдың ту сырты сол бір хайуанды елестеткен болар.

II.

Бір күні түс әлетінде Джогонатх қыстаққа апаратын жол бойында өскен манго ағашының қою көлеңкесінде серуендеп жүріп бейтаныс бір балаға кездесті. Мүмкін, ол қыстақ балаларын жаңа бір өнерге бастаған атаман болса керек. Мұның тапқырлығы мен ақылдылығын, өжеттілігі мен қайсарлығын тамашалаған балалар айтқанын екі етпей жүр. Шалды

¹ Индуизм қағидасы бойынша, сиыр киелі мал. Оны өлтіру, етін жеу-кешірілмес күнә деп саналады.

² Дхоти — еркек киімі, бөксені орап тізеден төмен түсіріп жіберетін тұтас мата.

көрген соң ойын деген былай қалды. Бейтаныс бала өркін басып, Джогонатхтың қасына келді де, сәлде-сінің шетінен тартып қалды. Сол-ақ мұң екен, бір кесіртке шыға келді де, шалдың бойымен төмен жүгіріп барып, шөп арасына сіңіп кетті. Үрейі ұшқан қарттың денесі мұздады. Балалар шуласа берді. Енді бір қабақ қағыста Джогонатх мойнындағы орамал ғайып болды да, келер сәтте бейтаныс баланың басына барып сәлде болып орнап қалды.

Джогонатх мына бір бейтаныс баламен тап осылайша танысқанына разы болып қалды. Мұндай қуақылық, еркіндікті көптен бері ешбір баладан көрмеген еді.

Джогонатх онымен көп сөйлесті. Көп уәде берді. Бала оған сенейін деді.

- Атың кім?
- Нитай Пал.
- Қайда тұрушы едің?
- Айтпаймын.
- Әкең аты кімі?
- Оны да айтпаймын.
- Неге айтпайсың?
- Үйден қашып кеткенмін.
- Неге?
- Әкем мектепке беремін деді.

«Мұндай баланы мектепке беру — бос ақшаны далаға шашу деген сөз, бұл әкесінің ақмақтығын көрсетеді» — деп ойлап қалды Джогонатх.

— Менімен бірге тұрғың келе ме?

Бала бұған қарсы болмады. Шал үйіне барып шапқып жатып алатын болды. Бұл да түк емес: күні ілгері есеп-қисабын жасасып қойғандай, тамақтың дәмдісін, киімнің сәндісін талап ете бастады. Сол ретте үй иесімен керісіп те қалатын болды. Өз баласын қуып шығу оңай болып еді, ал енді міне, жат адамның баласына бағынуға тура келді!

III.

Джогонатх үйінде жат баланың өзі би, өзі тәс болып жүргеніне қыстақ тұрғындары таң қалысты. Шал енді көп өмір сүрмейді, сонда оның бар дәулеті мына ата-тегі жоқ келімсек балаға қалатыны айқын ғой.

Бәрі де қызғаныш ете бастады, қайтседе оған жаулық жасауды ойлайтын болды. Бірақ, шал баланы көзінің қарашығындай сақтап бақты.

Бала анда-санда кетемін деп шалды қорқытып қоятын да болды, ондайда Джогонатх:

— Балам-ау, мен өлгенде бар байлығымды саған қалдырып кетемін, — деп азғыра бастайды.

Бала әлі жас болса да мұндай уәденің бағасын әбден түсінетін еді.

Осы ретте қыстақ тұрғындары баланың ата-анасын іздей бастады.

— Әке-шешесі қандай қасірет шегіп жүр екен! Соның бәріне осы баланың өзі болмаса кім кінәлі дерсің! — дей беретін болды.

Олар балаға өшігіп алды, қарғап-сілейді. Бұл таза жүректің ашынғандығын емес, көре алмаушылық, іштарлықты танытар мінез ғой.

Бір күні шал өтіп бара жатқан біреуден Домадор Пал дегеннің үйінен қашып кеткен ұлын іздеп жүргенін, көшікпей осы қыстақта да болатынын естіді. Нитай соны біліп тынышсыздана бастады. Ол тіпті өзінің болашақ дәулетін талақ етіп қашып кетпекші де еді, бірақ тірі жан білмейтін бір жер бар екен. Джогонатх Нитайды сонда жасырмақ болды.

— Қайда кәне, көрсет! — деді, әуестік жеңген бала.

Кәзір көрсететін болсам, жұрттың бәрі көріп қояды. Бір түнде баратын боламыз.

Жаңа бір ойын табылғанына Нитай қуанып кетті. Ол әкесі бейкүнә іздеп таба алмай кеткен соң, балалармен жасырынбақ ойнамақ та болды. Сонда мұны тауып көрсін! Қандай тамаша! Әкесі төңіректі тіміскілеп іздейтін болады, бірақ Нитай таптырмайды. Шіркін, осының бәрі де қызық емес пе.

Түс кезінде Джогонатх баланы үйге жапты да, бір жаққа кетіп қалды. Қайтып оралған соң Нитай анамынаны сұрап жармаса берді.

Күн батпай жатып:

— Ал кеттік, — деді бала.

— Әлі ерте, — деп жауап берді Джогонатх.

— Түн болды, кетейік, — деді Нитай тағы да.

— Ауыл әлі жатқан жоқ.

Нитай аз отырды да, әлгі сөзін қайталай берді.

— Енді жетті. Жүр кетейік.

* * *

Түн болды. Нитайдың ұйқысы келді, ұйықтамаймын деп тырмысса да, қалғып кетті. Түн ортасы ауған кезде Джогонатх баланың қолынан жетелеп, қалың ұйқыға шомған қыстақтың көшесіне шықты.

Тып-тыныш. Тек анда-санда абалаған ит даусы шығады. Екінші бір жерден тағы біреуі қостайды. Кейде аяқ дыбысынан шошынған түн құсы дүр етіп ұша жөнеледі. Үрейі ұшқан Нитай Джогонатхтың қолынан мықтап ұстап алды.

Олар жалпақ бір далаңды кесіп өтті, содан кейін джунгли ішіндегі бір қираған есіз храмға келді. Көңілі толмай қалған Нитай:

— Осы жерде ме! — деп сұрады.

Оның күткені бұл емес еді! Мұнда не қызық бар! Үйінен қашып шыққаннан бері осындай есіз храмдардың талайына түнеген-ді. Рас, жасырынбақ ойнауға қолайлы жер, сонда да мұны тірі пенде таба алмайды деуге, әрине болмайды.

Джогонатх бір жерден үлкен тасты қозғап қойды. Ар жағы үй сияқты болып кетті. Ішінде шырақ жанып тұр. Міне, бұл қызық. Нитай аузын ашып таңырқап қалды, сонымен бірге неге екені белгісіз, қорқынышты болып көрінді. Джогонатх саты әкелді де, төменге түсті. Нитайдың тұла бойы қалтырап кетті. Үрей биледі. Сонда шал артынан ерді.

Жан-жағына қарап еді, айнала самсап тұрған мыс құмыраларды көрді. Ортада тұрған отырғышта бояу мен сандал ағашынан жасаған таяқша, гүл алқасы мен намазға керекті әртүрлі заттар жатыр. Көрсө қызар бала құмыраның біріне үңіліп еді, рупия мен кілең алтын теңгеліктер.

— Нитай, мен ақшамның бәрін саған қалдырып кетемін дедім ғой. Менің бар дәулетім осы құмыралар ғана. Басқа түгім де жоқ. Мен бүгін осының бәрін саған тапсырмақпын.

— Бәрінде ме! — бала тіпті секіріп-секіріп қойды — Сен өзің бір рупия да алмайсың ба!

— Алатын болсам, қолым қырқылсын. Бірақ, менде бір шарт бар. Менің Гокулчондро деген немерем бар еді. Қазір оның қай жерде жүргенін де білмеймін. Бірде болмаса, бірде менің сол немерем, не соның баласы, немесе баласының баласы, өлде немересі бола ма, тіпті болмаса сол Гокулчондро әулетінен біреу кездесе қалса, бұл ақшаның бәрін де соған тапсыратын боласың.

Бала шалды жынданған болар деп ойлады да:

— Жақсы, — деп жауап берді.

— Онда мында кел, отыр.

— Неге!

— Құдайға құлшылық етеміз.

— Неге!

— Жәні солай.

¹⁾ Бенгалияда сараңның атын атаған адам бір тамақ татпауға тиісті деген наным бар.

Нитай шалдың дегенін істеді. Джогонатх сандал таяқшаны алды да, бояуға малып, бала маңдайына таңба салды, мойнына гүл алқасын кигізді. Өзі қарсы келіп отырды да, күбірлеп дұға оқи бастады.

Бұлай отыру балаға құбыжық сияқты болып кетті. — Дада! — деп дауыстады шалға.

Джогонатх жауап қатпады, күбірлей берді. Ақыр соңында балаға қарай зордың күшімен құмыраларды жақындата бастады. Әр құмыра сайын.

— Мен бұл ақшаның бәрін де Гокулчондро Кундоға, оның баласы Бриндабон Кундоға, оның баласы Джогонатх Кундоға, оның баласы Пароманондо Кундоға, оның баласы Пранкришно Кундоға, болмаса, соның баласына немесе немересіне, айтпесе соның әулетінен шыққан біреуге беремін, — деп сарнады. Бала шал сөзін қайталаумен болды. Өзін жаман сезінді. Тілі күрмеле бастады. Осы бір ем салудың бәрі төмам болған кезде үңгір іші шырақтың түтіні, екі кісінің алған демімен тұманданып кеткен еді. Баланың басы айналды. Тынысы тарылды. Аяқ-қолы күйіп-жанды.

Шырақ жалыны күңгірт тарта берді де, кенет мүлде өшіп қалды. Тас қараңғыда бала сатымен жоғары өрмелеп бара жатқан шал дыбысын естіді.

— Дада, сен қайда барасың! — деп дауыстады есі шығып.

— Мен кеттім, — деп жауап берді Джогонатх, — ал сен осында қал, ешкім де таба алмайтын болады. Тек есіңнен шығарма: Гокулчондро Бриндабонның баласы, ал Бриндабон Джогонатхтың баласы.

Шал жоғарыға шықты да, сатыны тартып алды. Тұншыққан бала бар күшін жинап:

— Дада, мен өкеме барамын, — деп былдырлады.

Джогонатх үңгірдің аузын таспен жалты да, құлағын төседі. Тұншығып үзіліп бара жатқан Нитайдың тағы да:

— Өке! — деп шақырғанын естіді.

Осыдан кейін бірдеменің құлап түскен шуы естілді де, табыттай тыныштық орнады.

Сөйтіп, Джогонатх бар байлығын Джокханың¹ қолына табыс етті де, тасты топырақпен көмді. Оның үстін қираған храмнан қалған кірпіш пен қиыршық тастармен үйді, содан кейін қыртыс әкеп жапты да, орманнан қазып әкеп бір түп тал отырғызды. Таң атып қалды, бірақ шал бұл жерден айналсоқтап шыға алмады. Өлсін-өлі құлағын жерге төсеп тың тыңдады. Жердің өлде бір алыс қабатынан күңіренген дауыс келетіндей оған. Мына таңғы ауа сол дауысқа толып кеткен сияқты. Жер үстіндегі бар пенденің бәрі де оянып, өз төсектерінде тыңдап қалған сенілденеді...

Аптыққан шал топырақты қалыңдатып үйе берді, шырлап баса берді. Жер бетін түгел жауып тастағысы келгендей оның. Кенет өлде кімнің:

— Өке! — деген даусы шықты.

Шал жерді тепкіледі:

— Дыбысыңды шығарма! Жұрт естіп қалады! Тағы да «Өке!» Күннің көзі шыққанын ол сонда ғана сезді. Өлде бір жат үрей билеген шал храмды артқа тастап далаңға шықты. Өлде кім тағы да.

— Өке! — дегендей болды.

Джогонатх үрейлене жалт қарады. Бриндабонды көрді.

— Өке, менің балам сенде екенін біліп келдім. Қайтар өзіме.

Шал көзін сығырайтып, бетін тыжыртты. Содан кейін Бриндабонға еңкейді де:

— Сенің балаң! — деп сұрады.

— Иә, Гокул. Ол қазір Нитай Пал, мені Домадор деп атайды. Даңқыңның зоры соншалық, тіпті біз аты-жөнімізді өзгертуге мәжбүр болдық.

Шал ауаны таяныш еткісі келгендей қолын алға созып, алақанын жая берді де, күрс етіп жерге құлап түсті.

Джогонатх есін жиған соң Бриндабонды храмға алып келді.

— Әлде кім жылайды, естисің бе! —

— Жоқ.

— Жоқ, сен құлағыңды жерге төсе. Естимісің біреудің «Өке» деп шақырғанын.

— Жоқ.

Шал аздап тыншығайын деген сияқтанды.

Содан бері ол жұрттың бәрінен:

— Әлде кім жылайды естимісің! — деп сұрай беретін болды.

Есі ауысқан шалды ажуалап жұрттың бәрі күлетін болды.

Төрт жылға жуық уақыт өтті. Шалдың жан тапсырар сағаты жетті. Көз алды күңгірт тарта берді, демі бітіп, тынысы тарылып бара жатты. Шал жан ұшырып басын көтерді. Ауаны ұстамақ болып өкі қолын созды.

— Нитай, менің сатымды өлде кім алып кетіпті, — деп күбірледі.

Ауасы жоқ қараңғы үңгірден шығу үшін сатысын іздеп таба алмаған шал төсеке сұлқ ете түсті. Ол өмір мен өлім арасындағы тығылмақ ойыны бітетін дүниеге, ешкімді де тауып болмас жат дүниеге аттанды.

Аударған: С. ШАЙМЕРДЕНОВ.



¹) Дада — аға деген мағынада.

²) Джокха — үнді мифологиясында жамбыны қорғайтын рух.

ШИВИК ХОТТАБЫЧ

Памир тауларының бір шатқалына орналасқан кішкене ауылда Герман Ефремович деген кісі өмір сүріп тұрды. Ол қазақ тіліне жетік, арнаулы пенсия алатын қарт педагог болатын. Үй ішінде небәрі кемпірі мен кіші қызы бар. Үлкен қызы Ида Москвада оқиды. Таудың тамылжыған жазғы бейнесіне қарап Герман Ефремович: «Әй, шіркін, өмір сүру қандай жақсы!» дейтін. Сонан соң тәтті қиялдың құшағына еніп бір орында ұзақ қозғалмастан отыратын. Бір кезде барып:

— Шивик!.. Шивик! — деп, барақ жүнді кішкене итін шақырып айқайлайтын. Соның артынша құйрығын бұлғақтатқан қанден жетіп келіп, иесінің тізесіне шығып алып еркелей бастайды. Мейірімді шал оның арқасынан сипай түсіп: «Шивик, Шивигім менің!» — деп мейірленеді. Қалтасындағы пирогті алып итіне жегізеді де: «Бар енді, тауықтарды бақ!» деп қайтарып жібереді. Шивик ойнақтаған күйінше барып тауық қораның ішіне секіріп түседі. Иттен, мысықтан қаша жөнелетін таудың ұзын сирақ үркек тауықтары Шивиктен қашпайды. Өйткені, оның қылышқ жүнді қызыл түлкіден өздерін үнемі қорғап жүретінін біледі. Шивик түс ауа берген шақта тауықтар салған жұмыртқаларды жинай бастайды. Сонан соң барып кемпірді ертіп әкеліп, оның қолына табыс етеді. Оның мұндай іс-әрекетін ерекше ақылдылық деп бағалайтын Герман Ефремович, Шивикке Хоттабыч деген қосалқы ат берген. Сонымен Шивик Хоттабыч пен оның көңілді қожасының тыныш өмірі жайлап өте берді...

Бір күндері үйдің жанындағы көшеден үйелмелі-сүйелмелі үш бала күн сайын өтіп жүретін болды. Олардың қолдарындағы папкасы мен мойнындағы галстуктеріне қарап мектеп оқушылары екенін ешкім айтпай-ақ білуге болатын еді. Торлы сыммен қоршаған ішіндегі Шивик балаларды көре салысымен тауықтарды бір жаққа қарай топтап айдай бастады. Сонан соң шәуілдеп үріп қойып, ары-бері маң-маң басып жүреді. Оның бұл қылығына сүйсіне қараған балалар мәз-мәйрәм боп күліседі.

Бір күні балалар мектептен келе жатып Шивикті тағы көрді. Бұл оғалы Шивик тауықтарды топтап айдамастан, кішкене бөрененің үстіне құйрығын астына төсеп шоқиып отыр еді. Балалардың ішіндегі Ахмет деген біреуі бір тасты алып оған қарай лақтырып



жіберді. Тас Шивиктің құлақ шекесінен тиді. Ол қаңсылап қоя берді де, «ақысын» алып қалу үшін балаларға қарай тура ұмтылды. Ашумен келе жатқан иттің айбарынан қорыққан үш бала бірден айқайлап жіберді. Тас атқан кім екенін анық білмей қалған Шивик сол бойы келіп Елтайдың аяғынан тістеп алды. «Ақысын» алған соң қайта өз жайына кетті.

Көзі шарасынан шыққан Ахмет жалмажан алға қарай қаша жөнелді. Ал, Әлжан деген үшінші бала папкасы қолынан ұшып кетіп, кітаптары шашылып қалған Елтайға жәрдемге келді. Бұл оқиғаларды терезеден көріп отырған Герман Ефремович үйден жүгіре шықты.

— Жылама, қарағым! — деді ол, Елтайдың жанына келіп басынан сипап. Сонан соң Шивикті жанына шақырды да, — қайсысы үрды? — деді оған қарап.

Шивик үндемей төмен қарады.

— Әне, анау қашып бара жатқан Ахмет үрды, — деді Әлжан енгізіп.

— Жоқ, мен Шивиктен сұрап тұрмын! — деді Герман Ефремович. — Көрдіңдер ме, қорқақ жолдастарың сендерге кесірін тигізіп өзі қашып бара жатқанын! — Ол қалтасынан екі бөлек пирог алып екі балаға берді. Жұдырықтай тасты Шивиктің алдына тастады да: — Шағасқаның үшін! — деді. Пирог екен деп ентелей берген Шивик тасты бір иіскеді де, жантайып жата кетті.

— Әуелі айыптыны анықтап алу керек еді, оңбаған! — деді шал оған қарап.

— Ата, ол сізді түсінбейді ғой. Шивик

айыпты емес!.. Ахмет айыпты! — деді Әлжан.

— Түсінбейді дедің бе, балам? — деді шал. Сөйтті де, итіне қарап, — кешірім сұра! — деп зекіді. Шивик жүгіріп келіп Елтайдың аяғының өзі тістеген жерін жалап-жалап қойды. Солқылдап тұрған Елтай еріксіз күліп жіберді. Ал, Герман Ефремович қалтасындағы ақ шүберекті алып, оның аяғын таңа бастады. Әлі аузына апармаған пирогті Елтай Шивикке тастай салды. Шивик пирогті тістеп алып, қайта Елтайдың аяғының астына әкеліп қойды.

— Ал, Шивик, ала қой! — деді Әлжан оған. Бірақ Шивик оны алған жоқ. Шәу етіп бір үрді де, ұзап бара жатқан қорқақ Ахметтің соңынан жүгіре жөнелді. Қожасының қа-таң әмірі болмағанда кім білсін, ол Ахметтің ісіне сай, әділ жазасын берер ме еді, қайтер еді?..

З. АСАБАЕВ.

ҚОРЛАН

(Немере қызыма)

Нәр алған жас жүрегің алтын таңнан,
«Бесіңді» құттықтаймын», Қорлан

қарғам,

Анадай ұлы Отанның аясында
Кезің бұл сәби жаның нұрға оранған.

Ұл туып, қыз өсірдім неше бірдей,
Өнердің өсті бәрі шыңына өрлей.
Ескерткіш ұрпағыма қалдырайын,
Кетейін жырға қосып өзім өлмей.

Саусағың ролядың тілін басып,
Тұрады жүрегіммен сыбырласып.
Тәтті әнің оятады көңілімді
Көрген жоқ жанарымның нұры

қашып.

Жасарды қуанышпен кәрі анаң,
Өнердің бір мектебін еттің төмәм.
Қуанып өміріңе, жемісіңе
Жыр төктім алпысымда арнап саған.

Қалима ӨТЕҒАЛИЕВА,

халық ақыны.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Англияда жинамалы автомобиль шығарыла бастаған. Мұндай автомобильді ешбір қиындықсыз самолетпен алып жүруге болады. Оның 4 кісілік орны бар. Бұл автомобильді жиганда, сыртқы түрі жәшікке ұқсап қалады. Оны жинау және қайта құрастыруға өте аз уақыт кетеді.

* * *

Форель деп аталатын балық сағатына 35 км., шортан сағатына 23 км., усач сағатына 19 км., карпен кара балық сияқты ең ақырын жүзетін балықтардың өзі сағатына 13 км-ден жүзеді.

* * *

Натуралистер салмағы $\frac{1}{20}$ грамм қоңыздың өз салмағынан жүз есе артық затты домалатып бара жатқанын көрген. Егер адамда осындай күш болса, 5—6 мың килограмм шарды шыр-көбелек айналдырған болар еді. Ал, піл мұндайлық күшпен тауды қопарып тастар еді.

Қ. МЫРЗАЛИЕВ.

БҮЛДІРГЕНІМ РАС ПА?

Сағат бірден асыпты,
Апам іске асықты.
Бұрын мұндай болмаған,
— От жақ! — деді ол маған.
Кеуіп қалған қу қидың
Үстіне әкеп су құйдым.
Көріп қалып бұл істі,
Апам маған ұрысты.
— Күлдірген-ау, Күлдірген,
Мынауың не бүлдірген?
— Тез жансын деп мұндайда,
Көмірге су құймай ма?

КЕМІРГЕН КІМ, ІШКЕН КІМ?

Қағып шаңды,
Кітапшамды
Темірменен
Кемірген кім? —
Деп ойласам,
Абайласам,
Тішекеңнің
Тісі екен.
Сүтін қойдың
Жаңа қойдым,
Өзі піскен
Кім ішкен?
Әрі-сәрі
Болсам,
Бәрі
Мысекеңнің
Ісі екен!



БІЗДІҢ КӨМЕГІМІЗ

Біздің аға-аналарымыз мақта шаруашылығында жұмыс істейді. Біз де жазғы демалысқа шығысымен мақта даласына барып ата-аналарымызға көмектестік.

Біздің дружина совхоз участогінен 5 гектар жерге мақта егіп, оны күтіп баптады. Қазір сол өзіміз өсірген мақтаны, сабақтан қолымыз бос уақыттарда, теріп жүрміз. Бұл өз туған ауылымыздың дәулетінің арта түсуіне қосқан үлесіміз екеніне шексіз сенеміз.

Р. БАБАЕВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

КӨШЕТ ОТЫРГЫЗАДЫ



«Қадам» жетіжылдық мектебінің оқушылары биыл көктем басталысымен-ақ колхоз даласына темекінің көшетін отырғызуға белсене араласты. Олар 2 гектар жерге темекі көшетін отырғызды.

Жазда сол өздері отырғызған темекілерін жұлып, колхозшылармен бірдей жұмыс істеді.

Оқу озаттары А. Рахметуллаева, Р. Машурова, З. Ахунвалар күніне 15,2 жіптен тізіп, басқаларға үлгі көрсетті. Олар қазір сабақтарын да өте жақсы үлгеріп жүр.

Ә. ТАҒЫРОВ.

Шелек ауданы, Байсеит селосы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Сахнаға шығар алдында» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор Фум М. И.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/Х — 1958. УГ05457 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 33560 экз.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2072.

962988

Фемалыс УАҚЫТЫНДА



ЖҮМБАҚТАР

1. Талар дейтін қанаты сұңқар емес,
Тозар дейтін тұяғы тұлпар емес.
Барін де жүйріктердің басып озды,
Ай менен жұлдыздарға қолын созды.
2. Әлемге күле қарайды,
Кірпігін жерге қадайды.
Түссе де қолға кірпігі
Ұстапайды бір түгі.
3. Тығылса да өзі жерге
Желбірейді шашы желге,
Өскен сайын ұзарады
Тұла бойы қызарады.

Б. Тайменкеев.



ҮЙ ІШІНДЕ ОЙНАЛАТЫН ОЙЫНДАР

Үйдің орта шеніне орындық, не болмаса, кішкентай стол қойындар да, оның үстіне сіріккенің қорабын немесе доп сияқты кішкентай бір зат тастандар. Орындықтың екі жағында, бірнеше адым қашықтықта, екі кісі не екі команда тұрады. Ойын



басқарушының мезгеуі бойынша, жарысқа түскен екі кісі орындықтың үстіндегі затқа қарай жүгіріп, оны қолымен басу керек. Мұны кім бұрын орындаса, сол бір ұпай алады. Ойнаушылар ойынға түгел қатысып біткенше ойын осы ретпен жүргізіле береді. Қай команда көп ұпай алса, со команда жеңіп шығады.

Екі орындықты бір-біріне теріс қаратып қойындар. Бұл орындықтарға екі ойыншы отырады. Ойыншылардың қолына кішкентай зат ұстату керек. Ойын басқарушының мезгеуі бойынша ойыншылар орындарынан



ЧАЙНВОРД

1. Көрнекті қазақ совет жазушысы.
2. Одақтас республиканың астанасы.
3. Сула жылжып жүретін мұз.
4. Уылдырыксыз балық.
5. Құрылыс материалы.
6. Үй мүлкі.
7. Батыр пионер.
8. Европадағы өзен.
9. Пионерлер лагері.
10. Бағыт көрсеткіш.
11. Химиялық элемент.
12. Септік жалғауы.
13. Салмақ өлшемі.
- 14.

15. Балалар ақыны.
16. «Соқыр музыкант» повестінің авторы.
17. Батыс қала.
18. Судағы құрылық.
19. Орыстың ұлы ғалымы.
20. В. Катаевтың «Полк баласы» повестіндегі кейіпкер.
21. Автономиялық республика.
22. Кеменің астыңғы қабаты.
23. Орыстың атакты химигі.
24. Спорт ойыны.

ұшып тұрып, қолындағы затты орындықтың үстіне қояды. Бұдан соң өзіне қарсы ойыншының орындығын айнала жүгіріп келіп, орындық үстіндегі затты қолына алады да, орындыққа отырады. Одан соң қолындағы затты жоғары лақтырады. Мұны кім бұрын орындаса, сол жеңіп шығады. Бар әрекет шапшандыққа дағдыландыруға негізделген.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

Құрметті оқушылар мен пионерлер, **„ПИОНЕР„** журналына 1959 жылға жазылатын мерзім келді. Оған осы бастан жазылуды ұмытпаңдар!